



9 мамыр – Жеңіс күні!

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№67-68
(19943-19944)



9 мамыр, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

ЖЕҢІС – 75

3 Соғыста болғандардың бәрі батыр



АЙБЫН

4 Қайсар қызы қазақтың



ҚОЛДАУ

7 Ананы қуантқан азаматтарға рахмет



ЖЕҢІС – 75

8 “Катюша” құрастыруға бойжеткендер де атсалысты



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді 9 мамыр мемлекеттік мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың ерлігін мәңгілік ел есінде сақтауға арналған ең қастерлі мереке.

Сіздер сұрапыл соғыстың соқпағынан өтіп, Отан деп от пен суға түсіп, кен-байтақ жерді қорғадыңыздар. Батырларымыздың бейбіт күн үшін жасаған өлшеусіз ерліктері мәңгі ұмытылмайды. Бұл мереке – бүкіл соғысқа қатысушылар және тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухының жеңісі.

Майдан даласында 150 мың сырбойылық азамат қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Өкінішке орай, олардың 30 мыңнан астамы елге оралмады. Десек те, облыстан 22 Кеңес Одағының Батыры, 1 «Данк» орденінің толық кавалері шығып, 20 мыңнан астам қызылордалық жауынгер орден-медалдармен марапатталды.

Осынау қасиетті мереке күні біз өз өмірлерін құрбандыққа шалып, шейіт болған ерлердің рухы алдында бас иеміз!

Сондай-ақ «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жұмыс жасаған тылдағы азаматтардың еңбегі мәңгі есімде.

Жыл өткен сайын соғыс ардагерлерінің қатары сиреп барады. Бұл біздің жүрегімізді шымырлатса да, сұм соғыстың салқыны алыстай бермек.

Мерекеге орай, өңіріміздегі 16 соғыс ардагеріне 1 млн 111 мың теңгеден төленуде.

Сондай-ақ, 4 319 Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға біржолғы материалдық көмек көрсетуге 437 млн теңге бөлінді.

Қарт жауынгерлерімізді ардақтау бағытындағы жұмыстарымыз жалғаса бермек.

Қадірлі соғыс және тыл ардагерлері!

Бүгінгі өскелең ұрпақты береке-бірлікке, тату-тәтті тірлікке тәрбиелеу ісіне белсенді атсалысып ортамызда аман-есен жүре беріңіздер. Біз «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды!» деген ұранды ұстанған елміз.

Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбастарыңызға амандық тілеймін!

Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!
Ұлы Жеңістің 75 жылдығы құтты болсын!
Біз біргеміз!

Құрметпен,
облыс әкімі
Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА



ЖЕҢІСТІҢ 75-ШІ КӨКТЕМІ

Адамзат баласын алапат апатқа ұшыратқан екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталғанына 75 жыл толды. Бейбіт күннің жетпіс бесінші көктемі жер әлемді көк майсаға орап жетті.

Бала – жетім, ана – жесір, әке – құрбан болған бұл сұрапыл сұмдықтың салған жарасын арада өткен уақыт жазды деуге болмайды. Отан қорғауға аттанған миллиондаған қазақстандықтың жартысына жуығы майдан даласынан оралмады. Елде соғыс өрті шарпымаған шаңырақ қалмады.

7-бет.



ПІКІР-ПАЙЫМ

АРДАГЕРЛЕР ЕҢБЕГІНЕ БЕРІЛГЕН ӘДІЛ БАҒА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 27 сәуірде жасаған мәлімдемесінде «Алдағы мамыр айындағы мерекелерді де үйде атап өтуге тура келеді. Бірақ, Жеңіс күнінде Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бірде-біреуі елеусіз қалмайды. Бәріне лайықты құрмет көрсетіледі. Әкімдер соғыс және тыл ардагерлеріне материалдық көмек береді» деп атап өткен болатын.

Жеңіс күні қарсаңында Президент қол қойған «Ардагерлер туралы» Заңды ардагерлер қауымы зор ықыласпен қабылдады. Өйткені ол кісілердің ұзақ жылғы еңбегі лайықты еленгенін көруге болады. Бұл – жүйелі сараптамадан өткен, айқын нәтижеге жұмыс істейтін нормативтік акт. «Ардагерлер туралы» Заңға Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерекесі қарсаңында қол қойылуының өзінде символдық мән бар деп ойлаймын.

Біріншіден, ардагерлер саясатының ауқымы артты. Бұл тізімде Ұлы Отан соғысы ардагерлері, қатысушылары мен мүгедектерінен

бөлек, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысушы азаматтар бар. Олар – Ауғанстандағы ұрыс қимылына қатысқан әскери қызметшілер, 1992-2001 жылдар аралығында тәжік-ауған шекарасында ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейтуге, 1968 жылы Чехословакиядағы жанжалды, Таулы Қарбақтағы этносаралық жанжалды реттеуге, Ирактағы бітімгершілік операцияларына атсалысқандар. Бұл олар үшін тағдырдың айдауымен жат жерде от пен оқтың арасында жүрген ауыр күндердің өтеуі болмақ.

Екіншіден, жәрдемақы көлемі ұлғайып, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңестірілгендер салықтың 11 түрінен босатылды. Ардагерлерге әлеуметтік қолдау шараларының көрсетілетіні – құптарлық шешім. Жаңа заңда ардагерлерге жеке тұрғын үй салу үшін бірінші кезекте жер учаскесін алу құқығы, коммуналдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі өзі тұрып жатқан пәтерді меншігіне беру, техникалық-кәсіптік және жоғары оқу орындарына оқуға түсу кезіндегі артықшылықтар, кепілдік берілген арнаулы әлеуметтік қызметтер көлемін бірінші кезекте алу және тағы басқа жеңілдіктер қарастырылған.

Жаңа заңның артықшылықтары жетерлік. Қайталап айтамын, ол – ардагерлер еңбегіне берілген әділ баға.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ҚҰАНТАДЫ

Жеңіс күні қарсаңында Ардагерлер туралы заңның қабылдануын жетістік деп есептеймін. Заң аясында ардагерлерге көрсетілетін көмек пен жеңілдіктер барынша жүйеленіп, қолдау шаралары едәуір артты. Сонымен қатар, мемлекеттік көмек алушылар санаты кеңейді.

Заң жобасының талқыланғанына негізі біраз уақыт болды. Ауған соғысы ардагерлерінің, Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандар ұйымдарының бастамасымен бірнеше рет мәселе қозғалды. Осылардың бәрін біріктіріп, жаңа заңға енгізгені дұрыс болды.

Мен – он жылға созылған Ауған соғысының қанды қырғынынан

аман-есен оралған ардагерлердің бірімін. Біз сан мәрте өліммен бетпе-бет келдік. Соғыстың небір ауыртпалығын көтеріп, қабырғамыз қайысты. Дұшпан оғынан қаза тапқан майдандас достарымызды соңғы сапарға шығарып салып тұрып, көзіміз жасқа, жүрегіміз мұңға толған күндер көп. Сонда да сертімізге адалдық танытып, елге абыроймен оралдық. Ардагерлер

түгел еленуі керек. Себебі олар бұйрыққа бағынды. Өскерде бұйрық талқыланбайды, орындалады. Біз де солардың қатарында жауынгерлер антын орындап, интернационалдық борышымызды өтедік.

Заңда ерлігіміздің ескеріліп, еңбегіміздің еленгені қуантады. Онда қарастырылған жеңілдіктер, қолдау – осының бәрі еліміздің әлеуметтік ұстанымы жағынан өзін әлеуетті мемлекет ретінде қалыптастырғанын көрсетсе керек.

Алтынбек БЕКПАН,
Ауған соғысының ардагері.



COVID-19

150 АДАМ АУРУДАН АЙЫҚТЫ

Жұма күнгі мәлімет бойынша аймақта COVID-19 вирусын жұқтырғандар саны 226-ға жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусәметов хабарлады.

– Соңғы тәулікте жаңадан екі дерек анықталды. Екеуі де – Қызылорда қаласынан. Олар бұрын індет жұқтырғандармен байланыста болып, карантиндік бақылауға алынған. Қазіргі кезде жағдайлары бірқалыпты, емдерін жалғастыруда, – деді ол.

Осы күні сағат 13.30-дағы мәлімет бойынша облыста коронавирус індетінен бір науқас айығып шықты. Аурудан айыққан азамат Сырдария

ауданының тұрғыны. Ол енді 14 күн бойы аймақтық дәрігер бақылауында болады.

Жалпы өңірде індетті жеңгендер саны 149-ға жетті. Олардың ішінде Қызылорда қаласынан – 22, Арал ауданынан – 4, Қазалыдан – 2, Қармақшыдан – 4, Сырдариядан – 26, Шиеліден – 61, Жаңақорғаннан 30 адам бар.

«СБ» ақпарат.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ АХУАЛ СОҢҒЫ МӘЛІМЕТТЕР

CALL-CENTER
400-100

РАСТАЛҒАН ЖАҒДАЙ – 226

ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР – 150

Қызылорда қаласы – 89
Арал ауданы – 6
Қазалы ауданы – 3
Қармақшы ауданы – 5
Сырдария ауданы – 26
Жалағаш ауданы – 0
Шиелі ауданы – 66
Жаңақорған ауданы – 31

Қызылорда қаласы – 23
Арал ауданы – 4
Қазалы – 2
Қармақшы ауданы – 4
Сырдария ауданы – 26
Шиелі ауданы – 61
Жаңақорған ауданы – 30



www.facebook.com/syrboyi.kz/



https://twitter.com/syrboyi



www.instagram.com/syrboyikz



ЕШКІМ ДЕ, ЕШІНӘРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

**Гүлшара
ӘБДІҚАЛЫҚОВА,
Қызылорда
облысының әкмі**

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия КСРО-ға басып кірді. XVIII ғасырда өмір сүрген атақты Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанындағы «Қара таудың басынан көш келеді» деп басталатын ауыр күндерді суреттеген қаралы жолдар мен зарлы үн қазақтың көз-құлағына қайта шалынды... Бұған дейінгі тарихта қолданылмаған жаппай қыратын қарулармен жарактанған екінші дүниежүзілік соғыс өрті тағы тұтанды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «1945 жылғы жеңіс пен біздің бүгінгі жетістіктеріміздің арасында тікелей байланыс бар. Егер біз жеңімпаз әкелердің балалары болмасақ, онда дәл бүгінгідей қуатты мемлекет құра алмас едік» деген толғамында терең сабақтастықтың сыры жатыр. Араға 75 жыл салып жеңімпаз әкелеріміз әкелген Ұлы Жеңіс күнін лайықты атап өту шаралары мемлекеттік деңгейде қолға алынууда. Осынышама уақыт бұрын, яғни 1945 жылғы 2 мамырда Берлин қаласы алынды. Арада 6 күн өткенде, яғни, 8 мамырда фашистік Германия соғыста жеңілгені туралы шартқа қол қойды. Еуропада бүгінге шейін Жеңіс сол күні, ал бұрынғы Кеңестер Одағы аумағында сағаттық белдеулік ерекшелікке байланысты келесі күні, яғни 9 мамырда атап өтіліп келеді.

Өздеріңіз білетіндей, Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 млн 360 мың адам қатысты, олардың 600 мыңнан астамы Отан үшін жандарын пиді етті. Сыр өңірінің 150 мың перзенті қан майданға қатысса, олардың 30 мыңға жуығына жат жердің топырағы бұйырды. Соңғы мәліметтер бойынша 20 мыңнан астам сырбойлық майдандағы ерліктері үшін түрлі орден-медалдармен марапатталған екен. Республикада 500-ден астам жауынгер Кеңес Одағының батыры деген ең жоғары атақ меленсе, солардың қатарында 22 жерлесіміздің бары біз үшін зор маңызы бар. Қызылордалық 1 жауынгер «Даңқ» орденінің толық кавалері атанды. Осы орайда Сыр топырағынан шыққан 21 Батырдың тізіміне жақын жылдары ғана қосылған П.Нұрпейісовтің ерлігіне бір ауыз сөз арнау артық болмас. Қармақшыда туып, Қарақалпақстаннан майданға шақырылған жерлесіміз Піліс Нұрпейісов ауыр жаракаттан көз жұмар сәтінде өз самолетін немістердің әскери жанармай қоймасына құлатып, жарып жіберген. Берлинді алудағы осы ерлігі үшін оған Кеңес Одағының батыры атағы берілген еді.

Бүкіл Одақ жұрты бір кісідей жаракты жауға қарсы қан майданға аттанды. Олардың алдында дүниежүзін фашизмнің құлдығынан құтқару сияқты жаһандық, өз елін тарихтағы ең үлкен қырғыннан аман алып қалып, кеңестік қоғамды қорғау сияқты локальды міндеттер тұрған болатын. «Жеңіс үшін!» деген қасиетті ұранмен миллиондаған кеңес жауынгерлері Отан қорғауда жанқиярлықпен шайқасты. КСРО экономикасы соғыс жағдайына көшірілді. Тылда «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жаңа еңбек майданы басталды.

Халықаралық қанды қырғын

басталысымен яғни, 1941 жылдың 13 қарашасында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Орта Азия мен Қазақстанда ұлттық әскери бөлімдер мен құрылымдар құру жөнінде шешім қабылдады.

Осы шешімге сәйкес, Қызылорда облысы бойынша 12 атқыштар, 4 кавалерия дивизиялары, 7 атқыштар бригадалары құрылды. Солардың қатарындағы 35-ші Қазалы теңізші-атқыштар бригадасы Мәскеу мен Сталинград шайқастарында асқан ерлік көрсетті. Олар кейін 27-ші гвардиялық атқыштар дивизиясына айналып, Берлинге бірінші болып кірген әскери құрамалар сапында болды.

Сонымен қатар, Ақтөбе қаласында арнайы құрылған 101-ші дербес атқыштар бригадасын құраған жауынгерлердің басым бөлігі қызылордалықтар еді. Бұл бригада Ржев, Великие Луки шайқастарында ерекше көзге түсіп, әрі қарай Балтық майданына қосылды. Алматыдағы соғыс-жаяу әскер училищесі негізінде құрылған құрамадағы 250 қызылордалық 1943 жылдың қаңтарында Ленинград қоршауын бұзуда ерліктерімен ерекшеленді. Кескілескен қан майдандағы Сыр өңірінен барған жауынгерлердің ерліктері мен олардың жоғары марапаттарға ұсынылғаны жайлы қуанышты хабарлар ел ішіне радио тораптары, «Правда», «Красная звезда» секілді орталық газеттер арқылы тез таралып, ержүрек ұлдардың есімдері елдің ортақ мақтанышына айналды. Бірқатар деректерге көз жүгіртсек, сержант Т.Байманов бір шайқаста 17 фашистің көзін жойған ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталғанын көреміз.

Сондай-ақ, Сыр елінің Ж.Оразхожаев, Қ.Исақұлов, П.Есжанов пен Қ.Дүйсенбековтей 4 азаматты кескілескен ұрыстардан соң қапыда тұтқынға түсіп қалады. Бірнеше айдан кейін немістердің тұтқынынан қашып шығып, Италияны азат етуші партизандар қатарында қайта ұрыстарға кіреді. Соғыс қимылдары жүрген көптеген аумақтарда Д.Байдәулетов, Р.Ибрагимов, Е.Сексенбаев сынды партизан отрядтарында соғысқан жерлестеріміз әр түрлі дәрежедегі «Отан соғысының партизаны» деген медальмен марапатталған. Сондай-ақ, атқыштар дивизиясының 391 бөлімшесінің командирі Ү.Түктібаев Латвияның Лудзен ауданында болған қанқұйлы шайқаста пулеметімен жүздеген жауды жер жастандырып өзі де қаза болған және осы ерлігі үшін оған «Кеңес Одағының батыры» атағы берілген. Осы сияқты 12-ші гвардиялық кавалерия полкінің командирі, гвардия капитаны Е.Неткалиев Польшаның Флелеброн қаласы маңында қоршауда тұскен фашистердің қоршауды бұзбақ болған бірнеше шабуылдарын тойтаруда асқан ерлік көрсеткен. 1945 жылы Германияның Ратценбург қаласын алуда ауыр жараланып қайтыс болған және кейін оған да Батыр атағы берілген. Осылай, ерлік туралы мәліметтер, соғыс хроникасы, жауынгерлік рухты шақыратын жыр-дастандармен бірге жарияланып отырған. Алдыңғы аға буынның соғыстағы ерліктерін даралаудың өзі қиын. Өйткені, олардың әр күні ерлікпен өткен еді.

Алаштың анасына балаңған киелі Сыр өңірі де соғыстың зілдей

ауыртпашылығын айқын сезінді. Кеңес Одағының басшылығы өндірісті тұрлатып алмау мақсатында неміс фашистерінің қолында қалған аймақтардағы зауыттар мен фабрикаларды қауіпсіз аудандарға эвакуациялауды қолға алды. Осы шешімге сәйкес, 1941 жылдың аяқ кезінен бастап біздің облысымызға эвакуацияланған кәсіпорындар келе бастады. Қазақстанға сол жылдары қоныс аударған 142 ірі кәсіпорынның 11-і біздің облысқа орналастырылды. Олардың қатарында Мәскеудің «Реммашпут», Харьковтың Дзержинский атындағы Электротехникалық және эмаль зауыттары, мәскеулік «Парижская коммуна» аяқ киім фабрикасы, Осоевиахим зауыты, 3 балық консерві зауыты, 2 паровоз жөндеу шеберханасы болды. Эвакуацияланған кәсіпорындар жергілікті жердің экономикалық қарқынды дамуына ерекше серпін берді. Жоғарыда аталған 3 бірдей балық өнімдерін консервілейтін зауыттар балық шаруашылығын өндірістік деңгейге көтерсе, 2 паровоз жөндеу шеберханалары еліміздің қорғаныс қабілетін күшейтуге қажетті соғыс қаруларын шығарды. Бұған қоса, бірнеше оқу орындарының Қызылордаға көшіп келуі өндіріске қажетті мамандарды жергілікті кадрлардан жасақтауға зор мүмкіндік берді және отандық ғылымның қаршты өркендеуіне жол ашты. Қаламызға Киев, Одесса, және Харьков университеттері көшіп келіп, «Украинаның біріккен университеттері» деген атаумен жұмыс істеді. Бұған қоса, Мәскеудің ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру, Қырымдағы Медицина институты мен бірнеше техникумдар да эвакуацияланып келген еді. Жаңадан қоныс тапқан жоғары оқу орындары облыста ғылымның өрістеуіне айрықша үйітқы болды. Олар өздерінің негізгі қызметтерінен бөлек өлке тарихын, облыстың жануарлары мен өсімдіктері дүниесін, экономикасын мен мәдениетін зерттеуге ерекше ден қойды. Қызылордада қызмет еткен 3 жыл ішінде сырттан келген ғалымдар өндірістің бірнеше салалары бойынша 60-астам ғылыми еңбектер жазып шығарды.

Соғыс басталысымен облысқа фашистердің қолында қалған өзге аумақтардан жүздеген отбасылар көшіріле бастады. 1941 жылдың 29 шілдесінде облыстық партия және атқару комитеттері қоныс аударушыларды еңбекпен қамту жөнінде қаулы қабылдап, бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіретін арнайы бөлім құрды. Тың деректерге қарасақ, қанды қырғын басталған алғашқы жылдан жеңісті жылға дейін облысқа көшіп келгендер 30266 адамға жеткен. Жергілікті қазақ халқы олардың бәрін туысындай құрметтеді.

Соғыс басталысымен, қазақстандықтар Отан қорғау қорына облигациялар, ақша және азық-түлік жинап, ерікті түрде өткізе бастады. Сыр еңбекшілері «маусым айынан бері қазанның 15 дейінгі есеп бойынша 2 млн 449 мыңның облигациясын, 916 мың сом қаражат жинап берген. Бұған қоса, осы көрсетілген төрт айда қосымша бірнеше центнер астық, ет, сары май жіберген. Жауынгерлерге арнап мыңдаған тон, байпақ, қолғаптар, шұлық пен

құлақшын сияқты қыстық жылы киімдер елде қалған ағайынның ыстық алақанынан жөнелтілген. Қызылордалықтар 1942 жылдың маусым айына дейін тек қана қоршаудағы Ленинград қаласына 81 тонна астық дайындады». Майдандағы әскерлерге және соғыс салдарынан ауыр экономикалық және гуманитарлық дағдарысқа ұшырағандарға қол ұшын беру ісі жыл өткен сайын кең көлемде жалғасып отырды.

Жаумен аралысқан жауынгерлерге деген елдік қамқорлықтың белгісіндей болған игілікті жұмыстарға сол жылдардағы облыста қызмет жасаған 266 колхоз, 359 өндіріс орындары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белсене қатысты. Еңбегімен әлемдік рекордты жаңартқандар да болды. Мысалы, 1943 жылы Ыбырай Жақаев атамыз 1 гектардан 172 ц өнім алып, әлемдік рекордты жаңалады. Ол сондай-ақ, рекордты өнім алғаны үшін берілген 106000 сом сыйақысын Отан қорғау қорына аударды. Шиелідегі «Авангард» колхозының күрішшісі Ким Ман Сам 1 гектардан 154,9 ц өнім өндірді». Республикада Ы.Жақаевтың ізін қуашылар көптеп шыға бастады. Басқаша айтқанда, Отан қорғаушыларды материалдық қолдауға Сыр өңірінің әрбір еңбекшісі, еңбектеген баласы мен еңкейген қартына дейінжан аямай аталасты. Қорға қаржы жинау келесі жылдарда да кең етек алды. Мысалы, «Қазақстан колхозшысы» деп аталған танк колоннасын жасауға Қазалы ауданы, «Қызыл ту» колхозының бұрынғы төрағасы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қ.Пірімов, Сырдария ауданы «Қазрис» колхозының төрағасы Д.Елеусінов, осы аудандағы «Қызыл дихан» колхозының звено жетекшісі Д.Керейтбаев пен Шиелінің «Гигант» колхозының төрағасы Л.Хан сияқты абзал азаматтар әрқайсысы 150-200 мың сом көлемінде қаржылай қолдау білдіргенін айта кету артық болмас.

Жеңісті жақындатуға нәзік жандылардың қосқан үлесі өз алдына бөлек әңгіме. Ол еңбекті ешбір ақыл таразысымен өлшеп білуге болмайды, ол еңбекті тек жан-жақты ескеру, барынша құрметтеу және өскелең ұрпаққа үлгі етіп, санасына сіңіре білуіміз қажет. Қазақтың қыз-келіншектері алапат соғыс қимылдарына да батыл араласты, тылда ерен еңбек үлгісін көрсете білді. Даңқты замандастарының ерлігіне батылдығымен үн қосқан Сыр өңірінің перзенті Т.Жұмабаеваның Минск қаласының төңірегінде ұйымдастырылған партизандық қозғалысқа қатысқанының өзі өнеге. Ол 7 рет майданға кіріп, ерекше батылдық танытқаны үшін «І дәрежелі Отан соғысының партизаны» медалін иеленген. Сырдария ауданы «Қызыл дихан» колхозынан соғысқа аттанған медбике Қайырлапова соғыс кезіндегі ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Сонымен бірге Б.Ыбыраева, К.Гайдамақ сияқты медбикелер мен Ж.Насибуллина, дәрігер-лейтенант С.Тәжібайқызындай мамандар жүздеген жаралы солдаттың тірі қалуына себепкер болды.

Әрине, бұл тізімді соза беруге болады. Әйелдер тыл жұмысында ерлердің орнын жоқтатпай өлшеусіз еңбек етті. Олар жасаған еңбек ешқандай жүктемелік өлшемге

сыймайтын жанкештілік ретінде бағаланып, тарихқа енді. Облыстық партия комитеті 1941 жылғы 31 шілдеде «Өнеркәсіп орындарында, мекемелер мен ұйымдарда маман жұмысшы әйелдер даярлау шаралары туралы» қаулы шығарды. Осы қаулы бойынша әйелдер өндірістен қол үзбей жаңа мамандықтарды игеруге жұмылдырылды. Қызылорда қаласының қыздарының бастамасымен ұйымдастырылған ең алғашқы шоферлық курста 37 қыз-келіншек оқыды. Бұдан әрі игі бастама облыс көлемінде кең қолдау тауып, 700 қыз-келіншек трактор мен комбайндарды тізгіндеуді үйренді. Сұрапыл соғыс тұсында облыстағы егіс даласында 14 мыңнан астам әйелдер еңбек етті.

Елге аман-есен оралған майдангерлер бейбіт өмірде еңбек майданына бел шеше араласты. Кеңес Одағының батырлары Ж.Махамбетов, Н.Ильясов, Т.Көмекбаевтар ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек етіп, облыс экономикасын көтеруге өзіндік үлесін қосса, «Даңқ» орденінің толық кавалері К.Әбдіқадыров Белікөл темір жол бекетінде қатардағы электржөндеуші болып жұмыс істеді. Майдангерлер қатарынан К.Дәрібаев, Ә.Жанназаров, Қ.Ізтілеуов, Қ.Сманов, А.Бисенов сияқты тағы басқа бірнеше Социалистік Еңбек ерлері шықты.

Бүгінгі күні облыста көзі тірі 16 соғыс ардагері бар. Қарт жауынгерлерге 1 млн 111 мың теңгеден біржолғы материалдық көмек төленді. Сондай-ақ, өңірдегі ҮОС ардагерлері мен оларға теңестірілген азаматтарға көмек көрсетуге бюджеттен барлығы 454,8 млн теңге бөлінді.

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мир» телеарнасына берген сұхбатында «Әкем басқа да майдангерлер сияқты соғыста жасаған ерліктері, сәтсіздіктері, жаумен алғашқы кездескен сәті, қасындағы жауынгерлердің батырлық істері, үйге жеңіспен оралуға асыққандары жайлы ашып әңгіме айтуды ұнатпайтын» деп әкесі жайлы сырымен бөліскен-ді. Расында майдангер аға буын бос мақтанды қаламаушы еді. Олар жанкештілікпен еңбектену арқылы өз өмірлеріндегі жетістіктерінің жемісін, сәтсіздіктерінен алған сабақты кейінгіге өшпестей үлгі ете білді. Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес Одағы фашизмнен өз азаттығы жолында ғана жеңіске жетіп қойған жоқ, ол әлемді құлдықтың құрсауынан құтқарды. Бұл әлем тарихындағы ең Ұлы Жеңіс еді.

Қазіргі таңда адамзат ұрпағы коронавирус деп аталатын көрінбейтін жауға және тап болды. Дерт келген дүрбелеңнің салдарынан оқшауланған сәтте адамдармен тығыз араласудың қаншалықты маңызды екеніне көзіміз айқын жетіп отыр. Жау арамсызды ақыратып, арақатынасымызды суытқысы келеді. Бұған біз айрықша азаматтық жауапкершілік пен салқынқанды сабырлық қасиетімізді қарсы қоя аламыз.

Әлемді фашизмнің құлдығынан құтқарған жеңімпаз әкелердің ұрпағы ретінде біз бүгінгі көрінбейтін ортақ жауды бірлігіміздің бекемдігі мен рухымыздың биіктігі арқасында жеңеміз!

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы құтты болсын!

Біз біргеміз!

«ЖАСАМПАЗ ЖАСАҚ»: БАСТАМАҒА 200-ДЕН АСТАМ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ҮН ҚОСТЫ

Өткен сәуір айының 23-нен бастап, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай облыста «Жасампаз жасақ» акциясы басталды. Шара карантин жағдайына байланысты виртуалды режимде өткізілді. Акцияға майдан даласында от кешкен жауынгер бабалардың ізін жалғаған ұрпақтары үн қосып, майдангерлердің ерлігі мен еңбегін жадымызда қайта жаңғыртты.



Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

Сырбойлық батырлар кеңінен насихатталған жаңа форматтағы шараға қатысушылар әке-аталары, жақындарының фашизмді жоюға қосқан үлесін әңгімелеп,

майданнан жіберген хаттарын оқып, бейнеролик түсірді. Ал бейнежазба әлеуметтік желілерде #SyrBatuty, #Jenis-ke75, #BatyUrpaуу хэштегтерімен жарияланып, смарт-

фонды серік еткен бүгінгі заманда желі қолданушыларының танысуына мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, роликтер облыс әкімдігінің ресми сайтындағы «Жасампаз жасақ» бөлігіне орналастырылып, ел ұнатқан жазбасына онлайн дауыс берді. Ең көп дауыс санын жинаған жұмыстардың бірнешеуін атап өтсек.

Айталық, майдан даласына 21 жасында аттанып, оқ пен оттан аман оралған Бекпай Ақманбетовтың немересі өзінің атасы жайында кеңінен бейнежазбада айтып берген. Майдан даласынан 1945 жылы күркүйек айында туған жерге

келген жауынгер Бекпай ерлігі үшін III дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды. Соғыстан кейін Жаңақорған, Шиелі аудандарында қызмет атқарып, Сұлтүбе ауылында кеңес басшысы болған майдангер 47 жасында өмірден өтіпті.

Сондай-ақ, 5-сынып оқушысы Досымжан Шәріпхандың 95 жастағы атасы Махамбет Бержановпен сұхбаты ел назарын аударып, басым дауысқа ие болды. Бүгінде Тереңөзек кентінде тұратын ардагер 1925 жылы Жалағаш ауданы Ынтымак кеңшарында дүниеге келген. Көмелетке толмаған бозбала

1943 жылы 7 жылдық мектепті бітіріп, әскер қатарына алынған. Сол жылы Забайкал әскери округінде қатардағы атқаш, одан әрі полкте радио-телефонист болған. 1945 жылдың қыркүйек айына дейін 1036-атқыштар полкінда қатардағы автоматшы қызметін атқарып, жеңісті елге жақындатуға үлес қосқан. Махамбет Бержанұлы елге 1948 жылы оралып, бейбіт өмірге араласып, ішкі істер саласында 40 жыл қызмет атқарған.

Айта кету керек, алғаш рет виртуалды режимде өткен «Жасампаз жасақ» акциясына





СОҒЫСТА БОЛҒАНДАРДЫҢ БӘРІ БАТЫР

Ұлы Отан соғысына Сыр өңірінен 150 мың адам аттанып, олардың 30 мыңға жуығы туған жерге оралмады. Бүгінде 15 ардагер-майдангер арамызда. Ерліктері ұрпаққа ұран болған майдангерлердің бейбіт күндегі берекелі еңбектері де өнеге жолы бола бермек.



1. Бөрібай Құлманұлы

1920 жылы 7 қарашада Сол-түстіктегі Қостанай аймағында өмірге келген.

Әке-шешесінен жастай айырылған ол балалар үйінде тәрбиеленіп, Қызылорда ауылшаруашылығы техникумын бітірген.

1940 жылы РСФСР Жоғарғы Советі атындағы Мәскеу әскери училищесінде оқыған. Осы жерден Ұлы Отан соғысына аттанып, Мәскеуді қорғауға, Ржев қаласын азат етуге қатысқан. Германияны жеңгеннен кейін кеңес әскери қолбасшылығының бұйрығымен қытай жеріндегі мұсылмандардың Шығыс Түркістан республикасын құру күресіне атсалысқан.

Соғыстан соң облыстық партия комитетінде, ауыл шаруашылығы басқармасында қызмет етті. Қармақшы ауданы партия комитетінің екінші, Қазалы ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Облыстық партия комитеті комиссиясына төрағалық жасады.

Бөрібай Құлманов – «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» және «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерінің, көптеген медальдардың иегері.

Жұбайы Фатима Абдулла екеуі үш қыз тәрбиелеп, Бөрібай әке бүгінде қыздан тараған жиеншарлардың қызығын көріп, 100 жасқа келіп отыр.



2. Қожахмет Бектанов

1922 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

1942 жылы 20 жасында әскерге шақырылып, ок пен оттың ортасына түсті. Жас сарбаз өзіне жүктелген тапсырманы тыңғылықты орындап, батылдығымен ерекшеленді. Украина, Белоруссия майдандарында болып, Венгрияны азат етуге қатысып, талай жаудың көзін жойды.

Соғыстан соң Ташкент аграрлық институтын бітіріп, мамандығы бойынша еңбек етті. Қазалы ауданы шаруашылықтарында, Қызылорда қаласындағы шегірткеге қарсы химиялық күрес мекемесінде жұмыс істеді. Халық қазынасын зиянкестерден тазарту ісіне елеулі үлес қосты.

Қ.Бектанов Отан алдындағы еңбегі бағаланып, «Германияны жеңгені үшін», «Маршал Жуков» секілді жауынгерлік медальдармен және көптеген мерекелік медальдармен марапатталды.

Шакиза анамыз екеуі он баладан жиырма сегіз немере, он алты шөбере көрді.

Бектан бүгінде 98 жасқа толып, әулет бәйтерегіне айналды.



3. Яхия Тасыров

1922 жылы қазіргі Сырдария ауданының «Қараөзек» ауылында дүниеге келген.

Ташкенттегі текстиль оқуын оқып, 1940 жылы текстиль фабрикасында жұмыс істеген. 1941 жылы әскерге алынып, Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазан айында майданға жіберілген. Мәскеуді қорғауға қатысқан. Сталинградты, Курскты, Польшаны жаудан азат еткен. Гданьск порты үшін болған шайқаста аяғынан ауыр жараланған. Госпитальда жатып емделіп, соғыс жорығын одан әрі жалғастырған. Жеңісті Германияда қарсы алып, аман-сау елге оралған.

Отан алдындағы еңбегі бағаланып, «Қызыл Жұлдыз», I, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Елге келген соң Тереңөзек, Жалағаш сүт зауытында, 1962 жылдан бастап туған ауылында қойма менгерушісі болып жұмыс жасаған. Мұнан соң ПМК-1608 мекемесінде, аудан орталығындағы астық қабылдау пунктінде еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан.

Яхия ата – бүгінде үш ұл, бір қыздан тараған немере-шөберелеріне елін сүйген болмысымен үлгі-өнеге беріп отырған ардагер.



4. Төлеген Жүнісов

1923 жылы қазіргі Сырдария ауданы Жаңарық ауылында дүниеге келген.

Ашаршылық жылдары әкешесі қайтыс болып, балалар үйінде тәрбиеленген.

Қызылөзек мектебінде оқып жүргенде 1942 жылы әскерге алынған. Самарқанд қаласындағы кіші командирлер дайындайтын курстан өтіп, жиырма жасында әскер қатарына қабылданып, кіші командирлер дайындайтын курста оқып, Украина майданындағы 688-атқыштар полкінің сапында соғысқа кірген. Жас қазақ жауынгері Украинаны жаудан азат ету жолында ерліктің ерекше үлгісін көрсете білген.

Берлинді алуға қатысқан.

Елге оралған соң колхоз жұмыстарында, мал зауытында еңбек еткен. Алматы бақша тәжірибе стансасында жұмыс істеген, зейнетке шыққанша теміржол дүкенінде сатушы болған.

I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», жауынгерлік медальдарымен және басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.

Жәмила Сәрсенбайқызымен бас қосып, өзінен тараған екі қыз, бір ұлдан сегіз немере, екі шөберенің атасы болды.



10. Тілеуберген Тобаберенов

1924 жылы Қазалы ауданы Басықара елді мекенінде дүниеге келген.

1942 жылы қантар айында әскер қатарына шақырылған. Соғыстың ауыр күндерін бастан кешкен. Еуропаны азат ету, Кенигсбергті, Берлинді алу шайқастарына қатысқан.

Соғыстан кейінгі Германияны қалпына келтіру жұмыстарында болған. 1947 жылы қыркүйек айында елге оралған. 1948 жылдан бастап теміржол станциясында еңбек еткен. 1982 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін осы саланың қызметін атқарған.

III дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, басқа да жауынгерлік медальдармен марапатталған.

Жеті баланың әкесі болып, оларды елішіл рухпен тәрбиелеп, өсірген. олардан тараған отыз бір немере, он алты шөбере қызығын көріп отырған бақытты ата атанды.

да жүріп, ажалға араша тұрған ол жүздеген жауынгердің өмірін сақтап қалды.

Дәрігерлер ажал аузында да антына адал болған. Бұл жөнінде Люба әжей былай дейді: «Біз Германияның Ной-Репен қаласындағы госпитальда немістің жаралы солдаттарын да емдеді. Өйткені оларға көмек беретін ешкім жоқ еді. Дәрігер үшін жау мен дос деген ұғым жоқ, адам тағдыры ғана бар».

Өмірін денсаулық саласына арнаған Любовь Сергеевна соғыстан соң Қызылорда теміржол депосының дәрігерлік тірегінде еңбек етті. Сол жұмысынан зейнетке шықты.

Жұбайы Николай Севастьянович те соғыс ардагері.

Колесниктер екі ұл, бір қызды өмірге әкеліп, немере-шөбере көрді.

Жасаған ерлігі мен риясыз еңбегі үшін Л.С.Колесник II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Маршал Жуков» медальдарымен марапатталды.

15. Мақсұт Сырғалиев

1925 жылы Арал ауданының Көзжетпес ауылында дүниеге келген.

Балықшы отбасының баласы ашаршылық жылдардың қиындықтарын көріп өскен.

1943 жылы әскер қатарына шақырылған. Чита қаласында бір жыл оқып, байланысшы мамандығын алған. Мұнан соң сол жердегі 36-шы



5. Әділман Әдішев

1923 жылы Қазалы ауданы Сартоғай ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінен білім алып, Қазалы ауыл шаруашылығы техникумында оқыған.

1941 жылы соғысқа аттанып, Мәскеу түбіндегі майданға қатысқан. Атақты Панфилов дивизиясының 316-шы атқыштар полкінде болған. 1943 жылы Украин майданына кіріп, «Максим» пулеметінен оқ жаудырып, талай жаудың көзін жойған. От-жалын кешкен жауынгер жеңісті Берлинде қарсы алған. Бір әулеттен үш азамат – әкесі Әбіш, ағасы Әбдірей және өзі соғыс сұмдығын көріп, үшеуі де туған жеріне аман-сау оралды.

Бейбіт күндерде «Қазалы» қой совхозында есепші болып еңбек етті. Қырық жыл совхоз қоймасының менгерушісі болып зейнетке шықты.

Ә.Әдішев «Қызыл Жұлдыз», I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Маршал Жуков», «Украинаны азат еткені үшін», басқа да медальдардың иегері атанды. 2016 жылы Ресей елшілігінен арнайы өкіл келіп, Мәскеу шайқасының 75 жылдығына орай «Мәскеуді азат еткені үшін» медалін табыстатты.

Әділман әке мен Жанкүл ана он ұл-қыз тәрбиелеп өсірген, олардан отыз бес немере, жиырма шөбере көрді.



11. Әділман Адиев

1925 жылы Қармақшы ауданы Бозарқаш колхозында дүниеге келген.

Бестам орта мектебін бітірген жас бала өз еркімен соғысқа сұранған.

1943 жылы әскер қатарына алынған. Саратов қаласындағы командирлер дайындайтын 3 айлық курста оқып, сержант әскери шенін алып шыққан. Осыдан соң 361-ші дивизия құрамында Ленинградты қорғауға қатысқан. «Ленинград блокадасы» соғыстағы ең азапты кезеңдердің бірі еді. Халықты ок пен оттың астындағы аш-жалаңаш хәлден құтқару үшін мұз жастанып, қар төсеген күндерді бастан кешкен. Одан кейін Балтық жағалауын азат етуге, жеңістен соң Жапон соғысына қатысқан. Өзімен бірге ауылдан аттанған отыз жеті азамат, оның ішінде ағасы Мәлік те майданда қаза тапқан.

Ә.Сатыбалдиев I, II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Ерлігі үшін», басқа да 22 жауынгерлік медальдармен марапатталған.

Ол бейбіт өмірде де қоғам жұмыстарына белсене араласты. Мәскеу университетін бітіріп, экономист мамандығын игерді. 37 жыл Қармақшы аудандық статистика бөлімінің бастығы болды.

КСРО Статистика үздігі, Қармақшы ауданының құрметті азаматы атақтарын алды.

Зайыбы, тыл ардагері Смадиярова Қазі ана екеуі екі ұл, бір қыздан он екі немере, екі шөбере көрді. Әділман атаңның тілегі ұрпағының шат-шадыман өмірі, солардың қызығына куә қылған тағдырына разы.



7. Қабақ Смағұл

1923 жылы Қазалы ауданының қазіргі Бекарыстан би ауылында дүниеге келген.

1942 жылы әскер қатарына шақырылған. Қанды қырғында бас бұқпай шайқасқан жас жауынгер 1943 жылы ауыр жаракат алып, ұзақ уақыт госпитальда жатқан.

Сол жаракатынан толық айықпағандықтан елге қайтарылған.

Елге оралып, «Жаңабасшылық» колхозында есепші болып жұмыс бастаған. 1944 жылдың желтоқсан айында «Октябрь» колхозында ферма есепшісі болған. Одан кейін № 24 мектепте, аудандық оқу бөлімінде, мал сою пунктінде, санаториялық мектеп-интернатта, Майдақол ауылдық советінде есепшілік қызметтер атқарған.

К.Смағұл II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Маршал Жуков», басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.

Зайыбы Ұлжан ана екеуі он бала тәрбиелеп өсірген. Олардан отыз бір немере, он алты шөбере сүйген.



13. Маханбет Бержанов

1925 жылы Жалағаш ауданының бұрынғы «Ынтымақ» колхозында дүниеге келген.

1942 жылы «Қызыл октябрь» орта мектебін бітірді.



8. Сарсенбек Байжанов

1923 жылы Шиеді ауданы «Үлгілі» елді мекенінде дүниеге келген.

1942 жылы әскер қатарына шақырылған. Сталинград майданының солтүстік батысында «Магеллан» деген жердегі ауыр шайқасқа қатысқан. Өзінің жауынгерлік борышына адалдық танытқан ол алғы шептерде көзге түсіп, ерлік үлгісін көрсеткен. 1944 жылы жараланып, елге оралған.

Елге келісімен колхоз шаруашылықтарында әртүрлі жұмыстар атқарған.

1950-1953 жылдары Түркістан педагогикалық училищесінде оқыған. 1963-1991 жылдар аралығында №156 казак орта мектебінде мұғалім болды. Отыз сегіз жыл мұғалімдік қызмет атқарып, жас ұрпақ тәрбиелеу ісінде де алдыңғы қатардан көрінді. Абыройлы еңбек етіп, елу бес жасында мүгедектігіне байланысты зейнеткерлікке шықты.

Сарсенбек ата бүгінде бес ұл, алты қыздан тараған тоқсанға жуық немере, шөбере, жиендердің алтын діңгегі болып отыр.



9. Әділман Адиев

1924 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Қаладағы жетіжылдық мектепті бітірген. 1942 жылы әскерге шақырылып, Ашхабад қаласында командирлер дайындайтын курсқа жіберілген. Осы жерден майданға аттанып кеткен.

1943 жылы соғыстың ең ыстық ошағы болған Курск доғасындағы шайқастарға қатысқан. Он тоғыз жастағы қазақ жауынгері от пен октан тайсалмай, алғы шепте соғысқан. Алайда, осы ұрыста ауыр жаракат алып, 1944 жылы II топтағы соғыс мүгедегі болып елге оралған.

Елге келген соң «Кооператор» колхозында еңбек еткен. Еңбек майданында да күш-жігерін аямай жұмыс жасаған. Осы шаруашылықтың аты «Коммунизм», «Комсомол» болып бірнеше өзгерген, соның бәрінде Ә.Байтқов есепші, бригадир сияқты әртүрлі жұмыс атқарып, елдің енесін көтеруге көп үлесін қосқан.

Отан алдындағы еңбегі бағаланып, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Маршал Жуков», «Курск шайқасына 70 жыл» секілді көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

Әбуова Кеңескүлмен отбасын құрып, он бала тәрбиелеп өсіріп, олардан отыз немере, отыз бес шөбере сүйді.

Бүгінде бала-шаға бақытына куә болған Әділман ата 96 жасқа шықты.



14. Любовь Колесник

1925 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласында әскери қызметшілер отбасында дүниеге келген.

Жергілікті медициналық техникумда оқып, кәмелет жасқа толысымен 1944 жылы әскер қатарына шақырылған. Соғыс кезінде Беларусь майданының дала госпиталінде медбике қызметін атқарып, ер жүрек батылдығымен көзге түскен. От пен оқтың астын-

1943 жылы әскер қатарына алынды. 1943 жылдың сәуірінен Чита облысының Мадиевская станциясындағы 94-атқыштар дивизиясының 9 полкінде қатардағы атқыш болып әскери қызметке кіріскен.

1945 жылдың тамыз-қыркүйек аралығында 1036-атқыштар полкі құрамында автоматшы болып империалистік Жапонияға қарсы соғысқа қатысқан. 1946-1948 жылдары Читадағы 250-ші дербес пулеметтік-артиллериялық батальонында, байланыс полкінде писарь-коптинармус, радиотелеграфист секілді әскери қызметтер атқарған.

Елге оралған соң Жалағаш, Сырдария, Қармақшы, Арал аудандық ішкі істер бөлімдерінде оперативтік уәкілдің көмекшісі, аға оперативтік уәкіл болды.

1964-1975 жылдары Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып қызмет етті. Отставкадағы милиция полковнигі.

Көптеген жауынгерлік медальдар мен құқық қорғау саласының мақтауларына ие болды.

Жеті ұл-қыз тәрбиелеп, олардан жиырма бес немере, он алты шөбере сүйіп отыр.



армияның атқыштар дивизиясы құрамында әскери дайындықтан өтеді.

1945 жылы Жапонияның Манчжурия қаласының шекарасына жіберіледі. Хайдар қаласын азат етеді. Хинган тауларынан өтіп, Харбин қаласындағы ұрысқа қатысады. Соғыста қаншама қанды жағдайларды бастан өткерді. Оқ тимесе де, опат болып жатқандарды көзбен көрудің өзі ауыр еді. Бірде жауынгер Сырғалиев қатты жараланған лейтенантты аркалап келе жатты. Оны алып жүру аса қиын болды. Сол кезде лейтенант: «Сен мені тастап кетесің ғой, иә...», – деп қинала тіл қатты. «Жоқ, сені тастамаймын!» – деді Сырғалиев. Сөйтіп, ол жаралыны өз бөліміне жеткізді.

Осындай жанкешті әрекеттері үшін М.Сырғалиев «Маршал Жуков» медалін, басқа да көптеген жауынгерлік марапаттар алды.

Бейбіт күні балықшылық кәсібін жалғасты. «Қызыл-балықшы», «Қасқақұлдан» ауылдық учаскелерін басқарды.

Зайыбы Дарига Сәлукызы екеуі тоғыз бала өсіріп, жиырма тоғыз немере, қырық шөбере сүйді.



Күн нұры – жан азығың. Жер құнары – жиылмас дастарханың жайған тән азығың. Бұл үшін күн де, жер де ешкімнен ақы талап етпейді. Мен де әжелерді мейірімі шексіз, тілегі дуалы, тәрбиесі өнегелі жандар деп түсінемін. Немере бақыты үшін жасаған жанқиярлық еңбегін күнделікті қайталаудан жалықпаймын.

ӘЖЕМНІҢ ХАТЫ

Қарлығаштың қос қана-тындай қос әже – бұлар біздің Ибагүл мен Бибігүл әжелеріміз. Қарлығаш құсына тән қасиет – ол мейірімділік. Әкеміздің анасы Ибагүл немере түгіл туған келін сәлемін бір көрместен дүниеден озса, Бибігүл кейуана қос әженің мейірім-шапағатын төккенін ұрпақтары армансыз көрдік. Өстік. Өндік. Жетілдік.

Тұтас бір ғасыр өмір кешкен Бибігүл әже шөпшегіне дейін көріп, 1998

мақсатында бекем бел байлап, ауыр еңбекке кірісіп кеттіңіз. Бірақ ол соғыстан оралмады. Ерлікпен күресіп, қан майданда мәңгілікке көз жұмды. Содан бері 50 жыл өтті. Бұл жылдар сіз үшін ерекше ауыр да, айрықша жауапты да, сіздің даналығыңызды, ерен ерлігіңізді, шын сүйген жарға берілгеніңізді паш ететін, жеке бас мүддесін аналық парызы өтеуге бағындыра білген ерлік жылдары болды» деген лебізі мені қа-

нында ұрысқа түсіп опат болды.

Ұлы Отан соғысы жеңісінен кейін қызым майданнан оралған соғыс мүгедегіне тұрмысқа шықты. Күйеу балам деп айтуға қимай, жоғалған ұлым тірілгендей қуанған менің бақытым шектеулі болып шықты. Соғыс қиыншылығынан ба, денсаулығы төмен сол балам шамалы отасқаннан кейін 8 жыл бойы мүлдем төсек тартып

рағында тұра беруді жөн санадым. Мен үшін Отан қорғаудашейіт болған еразаматтың шаңырағын тастап кету ақыретке саналды. Дегенмен, жасымыздың ұлғаюы, күш-қуаттың кемуі аудан орталығындағы үлкен немеремнің қолына келуге мәжбүр етті. Қазір қаланың кемпірі атандым. Екі шөпшегіммен бірге ойнап жүрген жайым бар.

Қызымыз екеуіміздің соғыс қайғысына қарсы қойған әрекетіміз үшінші немеремді Кенжесарыұлы деп, ең үлкен шөберем Нұрсұлтанды Тұрсын тегі деп (Күйеу баламның аты Тұрсын) атау осы екі азаматтымын мәңгілік ескерткіші болып қалды.

Осы оқиғалар желісінен кейін Ұлы Жеңістің 50 жылдығы мерекесінде менің жүрек түкпіріндегі сырымды деп басқан аудан әкімінің жоғарыдағы сөздері бейжай қалдырмады. Толғандырды. Менің ғұмырым ұзақ болғанымен, қиындығы бір адамға жетерлік еді. Елдің ынтымағы, ұлттар бірлігі арқасында қиындық артта қалды. Заманымыз өзгеріп, жан қиналса, ел бірікпін, халық тату болсын, еңбек етейік. Менің көрген қасіретім мен қиыншылығымның бірде біреуін ел көрмесін деп тілек айтамын» деп жазылған.

Әрине, хатты әже жазған жоқ. Айтты. Айтып жатса да, жүрек түкпірінен мәңгілікке орын алған сүйікті жарына деген сағынышын, жүрек қайғысын өзгеге жүктемеді. Масыл болмайық, еңбек етейікті баса айтты. Екі сөзінің бірі сыйласайық, тату болайық, ұрпақ жамандығын көрмейік болды. Шын мәнінде, тіршіліктің тірегі бейбітшілік емес пе?!

Ысқақ ТҰРАР.
Қостанай қаласы.



жылы мәңгілік өміріне сапар шекті. Жеңістің 50 жылдығы мерекеленгенде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атына хат жазды. Хат мәтінінен қазақ ұлты бастан кешкен қиындықтармен әже тағдыры біте қайнап жатқанын байқайсыз. Хат «Нұрсұлтан балам» деп басталады. Онда «Өз ойымды қағазға түсірдім. Перзентімнің бірі ғой деп саған хат жолдадым. Бүкіл қазақ елі тойлап жатқан Ұлы Жеңістің 50 жылдығы бұған себепші болды. Аудан әкімінің құттықтау хатындағы: «Сіз өмірілік серігіңіз, жан-жарыңыз Кенжесары Бекжігітұлын Отан қорғауға аттандырып, оның қан майдандағы жеңісін жеделдету

наттандырды. Салтанатты жиналыста: «Қазіргі таңда ауданда 29 жесір ер азаматын өлді деуге қимай, күйеуінің шаңырағын жоғары ұстап, үкілі үміттен қол үзбеуі осының бір айғағы десек, екіншіден, халқымыздың Баян сұлуы, Қыз Жібектерінің лайықты ізбасарлары, махаббаттың хас батырлары деп осы әжелерді айтсақ еш жаңылыспаспыз» деген аудан әкімі баяндамасы жан-дүниемді толқытты.

Мен жасым 95-ке келген, сауаты жоқ қарапайым қазақ әйелдерінің бірімін. 1929-1930 жылдардағы ел басына түскен қиындық, алғашқы көрген перзенттерімнің өмірін ұзақ қыл-

жатып қалды. Ақыры 1956 жылы соғыс зардабынан тапқан құрт ауруынан 32 жасында қайтыс болды. Алды 5 жасар, соны 2 жасар 3 баламен қарғыс атқыр соғыс ылаңынан 2 жесір, 3 жетім бір отанда қала бердік.

Елдің, халықтың бірлігі арқасында, еңбек ету нәтижесінде біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүрдік. Тіпті соғыс толқынынан босқын болған бауырлас шешендерге де ауызымыздан жырып нан, тұрағымыздың бір шетінен орын бердік. Заман жақсара бастады. Немерелерім өсіп азамат болды. Отан алдындағы әскери борышын өтеді. Білім алды. Әрқайсысы

ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚОШТАСУ



Тұрсынбай Дәрібайұлы – кіндік қаны тамған жерге оралмаған арыстардың бірі. Майдан жорығын 1939 жылғы Фин соғысынан бастаған Тұрсынбай атамыз соңғы хатын 1943 жылдың 4 наурызында өлеңмен жолдапты. Қанды қырғынға кірер алдында аман қалар-қалмасын білмей елмен, ағайынмен, жан-жануар, өсімдік әлемі, Жер-Анамен қоштасу ретінде жазылған.

Күлдана Дәрібайқызы ағасының соңғы қоштасу хатын көзі жұмылғанша сақтап келген. Дүниеден өтерде қызы Мираға тапсырған. Қолына «қара қағаз» тимеген соң бауырын о дүниелікке қимай, құдайысын да жасамаған. Тұрсынбай атамыздан қалған кастерлі естелік аздаған қысқартумен оқырман назарына шөбересі Самат Тұрсынбаевтың атынан редакцияға ұсынылды. Өленнің поэзиялық талап-шарттарға сәйкес келер-келмесінен бұрын тарихи құндылығын ескердік.

Қош болындар, Қазақстан аймағы,
Ойлай берсем, еске түсер қайдағы.
Туған ел мен туған жерге қосылсақ,
Болар еді бұрынғыдай сайраным.

Қош болып тұр, көлге біткен құрағым.
Жақсылықты қашан естір құлағым?
Жақсылықты сонда естісе құлағым
Сұм дұшпанның жерден қусақ лаңын.

Қош болып тұр, жасы үлкен қарттарым,
Бірге өскен аға, іні, достарым.
Әке, шеше, қарындас пен жетгелер
Қорғағаным бір еңбекші топтарың.

Кімдер көнсін дұшпан салған азарға,
Ту қосқан күш, біріккен ел азар ма?
Жау жеңілед, түпкі жеңіс біздікі,
Кітап етіп дария бетін жазар ма?

Қош болындар, даладағы малдарым,
Жағадағы жабайы өскен алдарым,
Кеш болса егер қой, ешкілер мантырап,
Жатушы еді шаңлақта малдарым.

Қош болындар, егін еккен жерлерім,
Аса түссін, колхозшылар, еңбегің,
Даладағы жабайы өскен қояндар,
Қош, аман бол, көлден ұшқан үйрегім,

Қош болындар, қарындастар, келгенше
Бір-бірімізді аман-есен көргенше.
Бізді ұмытпа, қатар-құрбы жолдастар,
Әскерліктен қайта айналып келгенше.

Қош, аман бол, кіндік кескен жерлерім,
Асыр салып ойнап-күлген елдерім,
Жауға сокқы беру үшін аттандық,
Тал шыбықтай иіліп тұрған ерлерім.

Сау болындар, тағы айтылмай қалғаным,
Жауды жеңіп елге қайтсам – арманым.
Туған елдің жандысы мен жансызы,
Сағынады қауышқанша балдарым.

Сау болындар, Сыр, Арқаның даласы,
Туған жерім Бірқазанның қаласы,
Отан үшін, халық үшін жан қидық,
Талқандалсын сұм жауыздың қорасы.

Сәлемімді барлығыңа беремін,
Азаматпын, басқа салғанын көремін.
Жолыққанша сау болындар, туған ел,
Өмір болса қайта айналып келемін.

Қош болып тұр, жолыққанша, алғаным,
Жаратқанның мен көремін салғаным,
Қош болындар, Бірқазанның қаласы,
Қан майданға аттануға барамын.
Жас шағымда қызық дәурен сүре алмай
Әлде қандай болады екен заманым?..

Тұрсынбай ДӘРІБАЙҰЛЫ.
4 наурыз 1943 жыл.



Әрбір мерекенің орны бөлек. Әсіресе, Жеңіс мейрамының маңызы ерекше. Ал, сол төңдессіз сыйды бізге тарту еткен жандардың ерлігі жадымыздан мәңгі өшпейді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

ҚАЙСАР ҚЫЗЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Ұлы Отан соғысының қатысушысы Мағмура Ғалиқызы 1924 жылы қыркүйек айының 24 жұлдызында дүниеге келген. 1941 жылы 10 жылдық мектепті аяқтап, балауса балғын жастар мектеппен қоштасу кешінде фашистердің тұтқиылдан шабуыл жасағанын естігенде, төбелерінен жай түскендей сезімде болыпты. Себебі, арман қуған жастардың алға межелеген жоспары бөлек еді. Олардың әрбірінде оқуға түсіп, студент атансам деген мақсат болатын. Мағмураның қаржы саласының маманы атансам деген асқақ арманы болды, алайда сұрапыл соғыс оған қанат бітірмеді.

Намысы жалынды қызы қызы бірден военкоматқа барып, майданға сұранды. Ондағылар қаршадай қызды қабылдай қоймады. Дегенмен, ол халық сотына сот мәжілісінің хатшысы болып орналасады. Осы қызметте шыңдала жүріп, кешкілік санитарлық нұсқаушының курстарына қатысып жүреді. Оны бітірген соң кешкісін госпитальда кезекшілік жұмысын атқара бастайды. Осы жұмыстарды ыждағаттылықпен атқара білген қаршадай қыз военкоматқа барып, майданға сұрануын тоқтатпаған екен. 1942 жылы қыркүйек айының 22 жұлдызында 18 жасар Мағмура майданға баруды ұйғарады.

Сол жолы майданға алынған 10 бойжеткеннің ішінде жалғыз қазақ қызы болған екен. 15-батареяның №731 зенитшілердің артиллериялық полкіне алынған. Жаңадан барған жас қызды зенитшілікке бірден ала қоймай, Түркіменстандағы Красноводск қаласына артиллериялық ісінің оқуына жібереді. Ондағы оқу қиынға соққан. Техниканың тілін бірден игеріп кету, түрлі жаттығуларда шыңдалу қыз балаға қиынға соғатыны рас. Алайда, майдан жасын деп дандайсуға мүмкіндік те бермеген, алға қарай ұмтылу, жаудың бетін қайтару маңызды. Осылайша, ол зенитшілер құрал бөлімшесінің ефрейторы болып орналасады.

1943 жылы Мағмура Ғалиқызын зенитшілердің артиллериялық полкіне бөлім командирі етеді. Киев қаласына жақын орналасқан Мышеловка селосына жібереді. Бірыңғай қыздардан құралған Мағмура командирлік еткен бөлімше жау самолеттерін жазбай танып, оқ жаудырып отырды.

Соғыс майданы біткенше Мағмура Ғалиқызы басқарған бөлімше Киев қаласын қорғауда тұрған. 1945 жылы күтпеген жерден «Жеңіс, көптен күткен жеңіс!» деген қуанышты хабар жеткендегі сезімді айтып жеткізу қиын еді. Көзден еріксіз жас шықты. Ол қуаныштың көз жасы еді.

«1945 жылы майданнан жеңіспен

оралған аяулы анамыз Қызылорда қаласына келіп түседі. Келген жылы облыстық комсомол комитетінің хатшысы етіп сайлайды. Мұнда да өз қызметіне аса жауапкершілікпен қараған. Осы жерде қызмет атқара жүріп, өзінің болашақ жары Сраш атамызбен танысады. Ол кездері Сраш Басеев Арал аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет атқарып жүрген екен. Кеңілдері жарасып, бас қосады. Мағмура анамыз еңбектен қол үзбей жүріп, отбасында сегіз баланы дүниеге әкеліп, жақсы тәрбие бере алған үлгілі ана, Отаны алдында адал да шыншыл, еңбегі сіңген азаматша бола білді дейді ұрпақтары.

Өнегелі отбасының балалары да өз ортасына сыйлы, қадірлі азаматтар. Бәрі де үлгілі отбасын құрған. Майдангер қазақ қызы 28 немере мен 51 шөбере сүйген ардақты әже болды.

«Ол кездері мыңдаған адам жерлестерін тауып, бір-біріне бауырдай тілектес болып жататын. Майдандас жолдастар мейлінше жақын болды, қазылылық ефрейтор Ануза Жоламанова деген қызбен әңгімеміз жарасты. Елдегі туыстарды еске алды, сағынышымызды басатынбыз. Ер азаматтармен нық тірестіре жүріп, соғыстың барлық қиыншылығын өткердік» дейді екен көзі тірісінде қайсар қазақ қызы.

Зениттік-артиллериялық полктің ардагерлер кеңесінің төрағасы Николай Лукин өз хатында: «Ұлы Жеңістің жолында Сіздің де ерен еңбегіңіздің үлесі бар. Сіздің өміріңіз – ерлік!» деп жазған екен. Расында, майдангер анамыздың барлық өмірі ерен ерліктен тұрады. Осы еңбегі ескеріліп, көптеген орден-медалымен марапатталған. Еңбек және соғыстағы ерлігі үшін Ұлы Отан соғысының орденімен, маршал Жуковтің медальдарымен, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20, 30, 40, 50, 60 жыл, бауырлас Украинадан – «50 рокив вызволения Украины» және «60 рокив вызволения Украины», Астанаға 10 жыл медальдарымен марапатталған.

Мағмура Ғалиқызы бейбіт өмірде зейнетке шыққанға дейін 20 жыл қалалық балалар ауруханасында бас есепші болып қызмет атқарды.

Қайсар қазақ қызының өмір жолы мәңгілік өнеге болып қала бермек.





Ерлік пен елдіктің үлгісіндей

Биыл ерлік пен елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауының желбірегеніне 75 жыл толды. Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да жеңістің арқасы. Осы сұрапыл қан майданға қатысып, кескілескен ұрыста кеудесін оқ пен отқа төсеген аталарымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Сол қаһарлы күндерде соғыс даласына менің атам Шәрбек Жандарбекұлы Оралов та шақырылып, ел үшін күрескен.

Атам 1922 жылы 9 мамыр күні Қызылорда облысы Шиелі ауданы Керделі ауылында дүниеге келген. 7 жылдық мектепті бітірген. Ел басына қара бұлт үйіріліп, Ұлы Отан соғысы басталған шақта небәрі 19-20 жастағы жас жігіт еді. Алыс шалғайдағы ата-анасымен қоштасуға да мұршасы болмай, Отан шебін опасыз фашизмнен қорғау үшін майданға аттанады. Бірнеше тәулік жол жүріп, Беларусь даласына да жетіп, үш ай бойы әскери сынақтан өтеді. Беларусь майданында 99-атқыштар дивизиясы құрамында болып, қалалар мен селоларды жау қолынан азат етуде небір жантүршігерлік ұрысқа қатысқан. Полтавадан әрі Венгрия жерінде жау әскер полкінде соғыс даласын аяқтаған. Соғыста жеті рет жарақат алған. Будапешт қаласында ауыр жарақаттанып, Берлин жеріне жете алмай, 1945 жылы госпитальда болады, сонда Жеңіс тойын қарсы алған. Елге 1947 жылы аман-есен оралған атам 1948 жылы әжем Ақнұрмен бас қосып, 9 бала өсіріп, тәрбиелеп, қатарға қосады.

Ескі жарақаттары сыр беріп, ауырсынғанда ауыр толғаныспен еске ала отырып, естеліктерімен бөлісетін. Атамның есімде қалған бір естелігінде шынтағын оқ тесіп өткенде санцастька жібергенін айтқан. Санцастька барар жолда кезіккен өзеннен су ішпек болған атамды «ішпе» деген бұйрықты дауыс тоқтатады. Ол генерал екен дейтін. Өзеннен көптеген адамдардың басы көрінеді, олар суды жүзіп өтпекші болған кеңес жауынгерлері еді деп еске алып, ауыр күрсінетін де көзін жұмып, ұзақ ойланып отыратын. Мен көргенді сендер көрмеңдер, оны еске алу ауыр дейтін. Әрқашан ұрпағым біз көрген соғысты көрмесін деп бата беріп, тілеуімізді тілеп отыратын.

Біздерге, немерелеріне ол естеліктер ертегідей әсер қалдырып, кейде денеміз түршігіп кететін еді. Немерелері сымнан қару жасап, аман айтқан естеліктер желісі бойынша соғыс ойынын ойнайтын еді. Сонда атам ұнатпай, тыйып отыратын. Жамандықтың беті аулақ деп. Ұрыстың бел ортасында болған атам «Қызыл ту», «Отан соғысы»,



«Ерлігі үшін», «Будапешті азат еткені үшін», тағы басқа да медальдармен марапатталған. Әжем Ақнұр ұқыпты кісі еді. Атамның бөлмесі мұнтаздай таза, өзі қолмен әсемдеп тоқыған кілемдері қабырғаға ерекше көрік беріп тұратын. Темір керует, төсек үстінде үшбұрыштып қойылған жастықтарда қолмен тоқылған шілтер жабулы тұратын. Бөлме ішінде иісі аңқыған әсем райхан, раушан гүлдері жайқалып өсіп тұрушы еді. Төрте екі терезе тұсында атамның соғыстан алған медальдарын барқыт матаға тізіп, іліп қоятын. Сондай жарасымды көрінетін. Біз атамның бөлмесіне кіргенде сол медальдарға үңіле қарап, қызықтап, ерлігін мақтан етуші едік. Бұл менің ата-әжеме деген сағыныш, тәтті естеліктерімнің бір парасы ғана.

Атам Шәрбек бейбіт өмірде де зейнеткерлікке шыққанша елге еңбек етті. Қайнаған өмірдің күрес-тартысында да мойымай, бар күш-жігерімен аянбай қызмет қылды. Қажымас қайсар еңбексүйгіштігінің арқасында қолхоз диірменін жүргізіп, малға азық, елге ұн тартып, халыққа қолынан келген көмегін аямады. Кейін ауыл ақсақалдары ұсынысымен сол диірменді жекешелендіріп, күріш ақтап, талай ел мен жерге қызмет етті. Әзбек жерінен күріш ақтауға сол диірменге камаз машиналар келетіні есімде. Сол диірмен әлі күнге балаларының асыраушысы. Қара шаңырақтағы Мұхтар ағам әке кәсібін, дәстүрін жалғап, шаруашылықты дөңгелетіп отыр.

Кішіге қамқор, үлкенге ізетімен жүретін атам барынша қарапайым болатын. Сол қасиетімен елдің құрметті қариясы, кеменгер ақсақалына айналды. Атақ, даңқы әлемді жармаса да, елі, халқы құрметтейтін. Ол – еңбеккер, мейірімді, қарапайымдылығының арқасында жинаған абырой биігі. Ақнұр әжем екеуі 9 баланы тәрбиелеп өсіріп, бар баласын еңбекке баулып, азамат етіп, оқытып қатарға қосты. Ашаршылық тауқыметін көріп өскен атамның естеліктері шежіре еді. Астың қадірін білңдер, еңбекпен өсіндер, кәсіп қылыңдар деп отыратын.

«Ата – балаға сыншы» дегендей, әр баласының қабілет-қарымына қарай ақыл-көнесін беріп, жол көрсетіп отырушы еді. Мектепте ұстаз болып жүрген әжем Сапарды қолхоз еңбегіне ауысуына жол көрсетіп, әкемнің басшылық, ұйымдастырушылық қабілетін шындап, ауыл шаруашылығында халық үшін абыройлы, белді қызмет атқаруына әкелік тұлғасымен үлгі бола білді. Атама Алла балаларының өсіп-өнгенін, немере, шөбере қызығын көруді нәсіп етті, 2005 жылы 83 жасында өмірден озды. Жеңіс күні атамның шаңырағында құран оқылатын. Еліне қадірменді қария болған атамның майдандас достары үйге қонақ болатын. Ол кісілер келген күн біздер үшін мереке еді. «Батамен ер көгерер» деген анам Ғалия үлкен аталарына сый-құрметін көрсетіп, біздерге батасын алып беретін. Оның қатарында Сәрсенбек Байжанов бар. Ғасыр адамы бүгінде 97 жаста. Сәрсенбек атамyz мектепте ұстаздық қызмет атқарды. Нартай ауылынан шыққан қанша баланы білімнен қоса еңбекке тәрбиеледі. Соғыс жылдарынан естеліктерді шебер баяндап жеткізетін. Атамыздың отты жылдардан айтағын әрбір естелігі талай жасты отансүйгіштікке баулыды. Бұл өмірден кеткен аталарымыз Нақып Тыныбеков, Саруар Ибадуллаев, Тастыбай Құрақбаевтың әрбір гифратты сөзі, жүрген жолы біздер үшін үлгі болды. Ұрпақтарына бейбіт өмір сыйлаған бабалар есімі жүректе мәңгі қалады. Тәлімді ата мен шешеден тәрбие алып өскен біздер бүгінде қандай деңгейде жүрсек, қандай да бір жетістікке жетсек, ол осындай асылдарымыздың арқасы.

Жеңіс күні мерекесі бір күндік болып аталғанымен, жүрекке жігер, жастарға отаншылдық рух беретін мәңгілік мереке деп сезінеміз.

Гүлзира ОРАЛОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік
университетінің аға
оқытушысы.

Кешігіп жеткен құрмет

Омар Нақыпов 1942 жылы Қызылорда пединститутында бірінші курс оқып жүргенде әскер қатарына шақырылады. Он тоғызға енді аяқ басқан ол Ресейдің Кинешма, Псков облысының Невель қалаларында кескілескен ұрысқа қатысқан. Өзіне берілген тапсырмаларды тыңғылықты орындайды. Көп ұзамай №137 атқыштар бригадасы бөлімінің командирі атанады.

Сb Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».



Бірде Невель қаласында қанды шайқас жүріп жатты. Дивизия басшылығына фашистердің армиясы туралы нақты ақпарат керек болды. Бұл іске пулеметшілер бөлімінің командирі Омар Нақыпов пен оның 17 жауынгері таңдап алынды. Оларға немістер «тіі» алып келу операциясы тапсырылды. Арнайы топ бірден тапсырмаға кіріседі. Түнде тікенек сым тосқауылдардан өтіп, неміс бөлімшесіне жетеді. Оңтайлы сәтті күтіп, жасырынып жатады. Барлаушылардан бірнеше қадам жерде күзетші жүрді. Оны ұстауға болар еді, бірақ жай солдат көп ақпарат біле бермейтінін ескеріп, барлаушылар жоғары шендіні көздеді. Осы кезде ұзын бойлы неміс офицері де бой көрсетеді. Ол барлаушылар жакка қарай беттеді. Ұтымды сәтті пайдаланған Омар неміс офицерінің артынан келіп, бас салады. Жерге құлатып, алдын ала дайындап қойған шүберекпен аузын басты. Қасындағы жауынгерлер көмектесіп, тұтқынның қолын байлады. Топ 1-2 минут ішінде артқа шегініп үлгереді. Неміс күзетшісі секемденіп қалып, дабыл қағады. Сол-ақ екен неміс солдаттары өре түрегеледі де, окты қарша боратады. Омар бастаған жауынгерлерге соғыса отырып, жылжуға тура келді. Олар өздерінен бұрын «тілді» аман сақтауға тырысып, барын салды. Өмірін қауіпке тігіп, тапсырманы сәтті орындады. «Тіл» штабка аман есен жетті. Омар ауыр жарақат алып, госпитальда емделеді. Жазылғаннан

кейін басқа бөлімшеге ауыстырылды. Осы ұтымды өткізілген операция үшін оны «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынды. Бірақ ержүрек жауынгер бұл марапаты жайында білген жоқ. Тек 22 жылдан кейін барып, марапат иесін тапты. Барлаушыға орденді қала әскери комиссариатының подполковнигі О.Дауылбаев табыстады. Ол кезде Омар балық қорғау инспекциясында жұмыс істеп жүрген болатын. Бұл ерлік жайында «Ленин жолы» газетінің 1965 жылдың 10 қыркүйегіндегі санында «Марапат иесін тапты» деген мақала шықты. Батыр мұнан кейін де талай ұрыста батылдық пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында фашисттік Германияны жеңгені үшін» медалін кеудесіне тақты.

Ержүрек батыр 1944 жылы жүрек тұсынан ауыр жарақат алып, елге мүгедек болып оралды. Ауылға келгеннен кейін білімін қайта жалғастырады. Ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарды. Шаңырақ көтеріп, жары Жұмакүл Нақыпова екеуі сыйластықта ғұмыр кешті. Жұмакүл ананың дастарханынан талай жақсылар мен жайсаңдар дәм татты. Омар мен Жұмакүлдің жалғыз қызы Зағипа Имашеваға әкесі жайында естеліктерді айту оған оңай болмағанымен, батырдың қызы екенін мақтан тұтады.

– Әкем өте түйік, салмақты кісі болатын. Ісіне адал, тиянақты еді. Айналасына нұрын шашып жүретін. Ағайын-туыстың бәріне қолдау білдірді. Жақсылығын көрген кісілер көп болды. Үнемі жанынан қалам-қағазын тастамайтын. Соғыстағы ерліктерін айтып отыратын. Бірақ мен ол кезде бала болғандықтан, еміс-еміс есімде қалыпты. Мен бесінші сыныпта оқып жүрген кезімде әкем алған жарақатының салдарынан өмірден өтті, – дейді ол.

Омар ағайын-туысқа, ауыл жастарына көмек көрсетті. Оқу бітірген талай жасқа бағыт беріп, жұмысқа орналасуына ықпал етті. Солардың бірі – Муфтулла Қуатов. Оқу бітіріп келген жасты аяғына нық тұруына жағдай жасады. Ағалық қамқорлығын көрсетіп, білген, түйгенін ійретті.

«Ер есімі ел есінде» дейді халық даналығы. Тағдырдың талай қиындығына төтеп беріп, өмірге деген құштарлығын жоғалтпаған, әділдік пен адамгершілікті әрдайым жоғары ұстаған майдангердің ерлігі ел жадында сақталары анық.

Жауынгердің ұрпағымыз

Менің атам, Ұлы Отан соғысының ардагері Қосмағанбет Сапаров майданға аттанғанда небәрі 18 жасқа енді толған балаң жігіт екен. Әкесі Сапар Сыр бойының даңқты батыры Жанқожаның туған жиені болатын. Өзінен кейін алты айдан соң төрт ұлдың тұңғышы Ысқақ та әскер қатарына шақырылады. Әжесі Жанбиді мен анасы Салиха бауырларымен оларды күтіп ауылда қала берді. Бірақ, сұм соғыстың қасіреті шаңырақты айналып өтпеді.

Отыз алты жасында соғысқа алынған Ысқақ Сталинград, Курск шайқастарына қатысып, ерлікпен қаза тапты. Ал, атамыздың немере ағалары Кішібай, Әбдікәрім де майданнан оралмай, қайран боздақтар жат жерде қалған. Сөйтіп, сұрапыл соғыста біздің әулетіміз үш бірдей арысынан айырылыпты. Атамыз Қосмағанбет немерелерінің ортасында біздерге мейірілене қарап, бейбіт өмірге шүкіршілік етіп отыратын. Шалғайдағы ауылдан Қызылордаға

көшіп келгесін, Жеңіс мерекесі күні орден, медальдарын тағып, бізді жанына ертіп, орталықтағы «Тағзым» алаңындағы мерекелік параға қатысатын. Үйге келген соң балаларының сұрақтарына баяу ғана жауап беріп, майдан жолдарын, қарулас достарын еске алып, аз-кем естелік айтып беретін еді.

...Олар мінген эшелон салып ұрып Элиста қаласына келіп бір-ақ тоқтайды. Сөйтіп өңшен бозбала екі айлық кіші командирлер даярлайтын жедел әскери жаттығудан өтті. Кіші сержант атамыз алғаш рет 1942 жылдың мамыр айында Қара Теңіз жағалауындағы даңқты генерал Ватуниннің қолбасшылығындағы 3-ші Украина майданында неміс-фашист басқыншыларымен соғысқа түсті.

...1943 жыл. Румынияның Бухарест қаласын азат ету үшін кескілескен соғыс. Станокты «Максим» пулеметінің командирі сержант

Қ.Сапаров пен қатардағы жауынгер Д.Бектіғалиев немістердің қаптаған жау әскерінің бетін қайтарып, екі жақ та бір сәт тынып қалған.

Жау шебі жақтан жөңкілген «Жолбарыстар» бұларға қарай салып-ұрып келе жатыр. Соңында автоматтарын кезей ұстаған немістер нөпірі.

Бекіністе тұрған жауынгерлерге батальон командирі, капитан Н.Скворцов жеделдетіп қатысқа бұйрық берді. Батальон жаудың шабуылын тойтарып, осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін атамыз «Даңқ» орденімен марапатталады.

Жаяу әскер құрамында алғаш соғысқа кіргенде бөлімше командирі болып, одан станокты «Максим» пулеметінің командирі, взвод командирі, ал соғыстың аяғына таман рота командирінің міндетін атқарған Қосмағанбет Сапаров Тағанрог, Мариуполь, Бухарест, Венгрия астанасы – Будапешт пен 8 мамырда Австрияның астанасы – Вена қаласын азат етті. 9 мамыр күні таң атар-атпаста бұлар Берлин бағытына кезекті ұрысқа түсуге дайындалып жатқанда, дивизия командирі келіп: «Соғыс аяқталды. Біз Жеңіске жеттік деп хабарлады. «Біздер қуаңғанымыздан жылап жіберіп, бір-бірімізді құшақтап жаттық деген еді» атамыз естелігінде. Соғыстан кейін қираған қалаларды қалпына келтіруге қатысқан ол 1947 жылы туған жері



«Бөгеніне» III дәрежелі «Даңқ», III дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендері мен Будапешт, Румыния, Вена қалаларын азат еткені үшін медальдары кеудесінде жарқырап, жеңіспен оралған.

Соғыстан келген аға сержант, байырғы балықшының баласы Қосмағанбет Сапаровты Арал аудандық партия комитеті арнаулы жолдамамен Түркіменстанның Чарджоу қаласындағы кеме жүргізушілері даярлайтын бір жылдық курсқа жібереді. Оны ойдағыдай бітіріп

оралған ол алғаш рет 1948 жылы Арал теңізінде жүзіп жүрген «Навага» кемесінің капитаны болды. Сонан соң технологиямен дайындалған алып кеме «Калининградтың» капитаны боп, ауылдасы Социалистік Еңбек Ері Төлеген Әлімбетовпен бірге теңізден су маржандарын сүзді. «Стахановшы», бірнеше дүркін «Коммунистік еңбектің екпіндісі», «Социалистік жарыстардың жеңімпазы» атағын алды. Еңбек ардагері атанып зейнетке шықса да, жетпіс жасына дейін өзінің туған жері – Бөген ауылында жас балықшылардың ақылшы ұстазы болды. Соғыстан оралған соң 1947 жылы Әсия Маханқызымен шаңырақ көтеріп, алтын асықтай алты ұл-қыздан жиырма екі немере мен ондаған шөбере көрді.

Атамызға Арал қаласынан көше атауы берілді. Баласының үлкені – Сейілхан медицина саласының ардагері болса, Әділханы – запастағы полковник, Майрасы – көп жылдар бойы бас есепші болып қызмет істеді. Бүгінде Сапаров әулеті осындай өскен-өнген шаңырақ. Біз Жеңіс жауынгерінің ұрпағы екенімізді мақтанаш тұтамыз.

Марта САПАРОВА,
Қызылорда қаласындағы
№173 Ә.Молдағұлова
атындағы орта мектептің
мұғалімі.





Дәуір көшіндегі ерлік жаңғырығы

Фашистік Германияға советтік армия ерлікпен қарсы тұрып тойтарыс берсе, оның барлау ісі мен жоспарлау секілді аса маңызды қызметін чекістердің атқарғаны белгілі. Көрінбейтін майданның ерлері тікелей майдан даласында да жаумен бетпе-бет келіп, ерлік үлгісін көрсете білді. Біз бұл жазбамызда Сыр өңірінен шыққан немесе аймақтың қауіпсіздігіне қызмет атқарған бірқатар батырларымыздың ерліктері мен өмір жолынан аздаған мәлімет беріп өткізгіміз.



Пирмағамбет Үлербаев

Кейіпкеріміз, аға лейтенант Үлербаев Пирмағамбет Жолушыұлы 1918 жылғы 20 мамырда Қызылорда облысы Сырдария ауданы Сұлутөбе ауылдық советіне қарасты Ақтоған ауылында дүниеге келген. Жолдасы Сүлейменов Құлпаш екеуі екі ұл, үш қыз тәрбиеленген.

Пирекен Қызылорда қаласында 7 жылдық мектепті, кейіннен Қызылордадағы теміржол техникумын бітірген. Ол уақыт өлшеміне салсаң, бұл әжептеуір білім болатын. Совет Армиясы қатарына 1939 жылы қыркүйекте алынып, басынан нелер қиян-ұрыс оқиғалар өтіп, араға жеті жыл салып, соғысты артқа тастап 1947 жылы елге оралады.

Прибалтика, Ленинград, Прикарпат әскери округтерінде түрлі әскери шенде борышын өтейді. Ал мемлекеттік қауіпсіздік қызметіне 1949 жылдың маусымында кіріседі. Бұл қызметте басқарма бөлімдерінде жедел уәкіл, тергеуші тағы басқа өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарған. Осы қызметтен 1959 жылы шекті жасына жетуіне байланысты подполковник әскери шенінде зейнетке шықты. Пирмағамбет аға отты жылдардағы ерен ерлігі үшін екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», екі мәрте 1-2-дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен және 12 медальмен наградталған.

От пен оқтың ортасынан аман оралып, мемлекеттің қауіпсіздік қызметінде абырой биігінен табылып, өзінен кейінгіге үлгі бола білген аяулы азамат 1992 жылдың шілде айында дүниеден озды.



Ахай Әлменов

Аралдың Көкқаралының тумасы Әлменов Ахай 1923 жылы дүниеге келген. Жолдасы Набат екеуі бес бала тәрбиеленген.

Майдан алдында ол Қызылорда педагогикалық институты мен қауіпсіздік комитетінің арнайы мектебін бітіреді. 1942 жылы Ашхабад қаласындағы жау әскер училищесін тәмамдайды. Соғыс кезінде Сталинград майданында атқыштар бригадасында взвод командирі болған. Соғыстан жаракатына байланысты оралған Ахай аға түрлі жауапты қызметтерді атқарды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Арал, Қазалы, Қармақы аудандарында жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, облыстық басқармада да аса жауапты қызметтерді абыроймен атқара білді. Зейнетке шыққанша, қауіпсіздік қызметінің көптеген салаларында оның ішінде басқармадағы ақпараттық-аналитикалық топқа жетекші де болды. Подполковник Ахай Әлменов соғыс кезіндегі ерен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, 15 медальмен наградталған. 1990 жылы желтоқсанның соңғы күні Қызылорда қаласында дүниеден озды.



Якуб Бикиев

Ресейдің Саратов облысында 1917 жылы дүниеге келген Бикиев Якуб Әліұлы де қауіпсіздік саласында ұзақ жылдар қызмет атқарды. Жұбайы Бикиева (Мұратова) Дифия Хайруллақызы екеуі үш бала тәрбиеледі.

Якуб ағай Алматы горкомына қатысты кешкі университетті, Қызылордада кешкі мектептің он сыныбын және үш айлық есепшілер курсынан аяқтаған.

Майдан жолын Ленинград әскери округінде полк старшинасы

шенінде бастаған. Түрлі қиян-кескі ұрыстарға қатысқан Якуб 1944 жылы әйгілі «Смерш» қарсы барлау бөліміне жедел уәкіл болып бекітіледі. Ол осы құрамда жүріп 1945 жылы Прибалтика майданында қызмет етті. Якуб Әліұлы мемлекеттік қауіпсіздік саласында түрлі лауазымды қызметтерді абыроймен атқарған азамат. Ал 1953 жылы Мемлекеттік Қауіпсіздік министрлігі Қызылорда облыстық басқармасы 9-шы бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалады. Кейіннен басқарманың түрлі бөлімдеріне жетекшілік еткен. «Смерш» қарсы барлау тобындағы қызметі мен ұзақ жылғы мол тәжірибесін жастарға үйреткен Якуб ағай шекті жасының келуіне орай 1956 жылы майор әскери шенінде зейнетке шықты. Ол төрт мәрте «Қызыл Жұлдыз», 2-дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен қатар, көптеген медальмен наградталған.



Әділбек Қарібаев

Әділбек аға соғыс кезінде барлаушы болған. Барлаушылар тобымен бірге жау тылына талай рет барып, бірде фашистердің қарсылық көрсетіп, оқ жаудыртқанына қарамастан, жоғары шендегі вермахт офицерін байлап алып келген. Осы ерлігі үшін Қарібаев «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Біз сөз етіп отырған батырымыз Қарібаев Әділбек Арғынбайұлы 1924 жылы 15 қыркүйекте Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге есігін ашқан. Жұбайы Қарібаева Ташни екеуі екі қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірді. Ағамыз КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ленинградтағы арнайы мектебін бітірген.

Соғыс жылдарында 1-Беларусь майданының 3-әскері 73-атқыштар дивизиясының атқыштар взводын және Германиядағы кеңестік аккумуляциялық әскері 1368-полкін, 58-полкіннің пулемет взводтарын басқарған екен. Әділбек аға қауіпсіздік саласында түрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқара білді, жедел уәкіл, барлаушы қызметтерінде де болды. Еңбек жолында түрлі сынан өтіп, шыңдалған ол 1966 жылы Қызылорда облысы бойынша комитетте қаржы-шаруашылық бөліміне жетекшілік жасаса, 1970-1975 жылдары Жамбыл облысы бойынша осы лауазымда қызмет етті. Сол жылы денсаулығына байланысты подполковник әскери шенінде зейнетке шығып, запасаға алынды. Қарібаев Әділбек – ағамыз «Ұлы Отан соғысы» орденімен қоса 8 медальмен наградталған азамат.



Николай Прачкин

Біздің келесі кейіпкеріміз майор Прачкин Николай Федотович 1921 жылғы 9 мамырда Сталинград облысы Лемешинский ауданы Бородаевка ауылында дүниеге келген. Отбасы құрып, 2 бала тәрбиеленген. Жолдасы Прачкина (Шмакова) Зоя Петровна – 1923 жылы Батыс Қазақстан облысында туған, яғни біздің жерлесіміз. Николай ағамыз 1942-1943 жылдары Орынбор облысы, Абдулино қаласындағы 2-Мәскеу әскери авиациялық училищесін оқып, бітіреді.

Соғыс жылдарында Мәскеу облысы, Селикатная станциясында, Румыния Рожнор-Девезе қаласында, Югославияның Петровград қаласында, Венгрияның Будапешт қаласында, Токол орны, Житомир қаласында 238 авиациялық бомбалаушы полкінде электр жабдықтау механигі болыпты.

Прачкин Николай мемлекеттік қауіпсіздіктегі қызметін 1951 жылы бастап, жедел уәкіл, аға жедел уәкіл болады. Сыр өңіріндегі жұмысы 1958 жылы Орынбор темір жолы Қазалы станциясы желілік бөлімінде аға жедел уәкіл болумен басталады. Облыстық басқарма бөлімшелерінде түрлі жауапты қызметтерде болады. Шекті жасының жетуіне байланысты 1976 жылы зейнетке шықты. Ол – бір орден, он бір медаль, бір төсбелгінің иегері.



Мәлеш Арынғазыұлы

Фин және Ұлы Отан соғыстарының ардагері Мәлеш Арынғазыұлы Ұлы Октябрь революциясынан бір жыл бұрын, 1916 жылдың 15 қарашасында Қызылорда облысы Сырдария ауданының Бірқазан ауылында дүниеге келген.

1941 жылы Отан соғысы басталғанда Оңтүстік-Батыс майданы 64-армиясы 87-дивизиясының құрамында немістермен ұрысқа түседі. Курск, Киев, Харьков қалаларын қорғауға қатысады. 1943 жылы майдан шебінде «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Осы Харьков қаласында ауыр жараланып, 1943 жылдың 24 мамырынан 1944 жылдың 12 қазанына дейін госпитальда емделеді. Содан денсаулығына байланысты әскер қатарынан босатылады.

Соғыста көрсеткен ерлігі үшін 1943 жылы алған «Ерлігі үшін» медалімен қатар 1945 жылы «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталады. Сонымен қатар қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін және еңбек сіңірген жылдарына орай 1954 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен және 1948 жылы «Совет армиясы және Флотының 30 жылдығы», 1950 жылы «Жауынгерлік құрмет», 1958 жылы «КСРО Қарулы Күштерінің 40 жылдығы», 1959 жылы 1-дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», 1965 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы» орденімен және 1941-1945 жылдардағы «Ұлы Отан соғысының 25 жылдығы» кеуде белгісімен және 1975 жылы 1941-1945 жылдардағы «Ұлы Отан соғысы» Жәнісіннің 30 жылдығы медалімен марапатталған.

Мәлеш ағаның қауіпсіздік саласындағы еңбек жолы соғыстан денсаулығына байланысты оралған сонау 1944 жылдан басталады. Отбасында Дәмеш апай екеуі 10 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олардың алды зейнетке, көбі әлі де ел игілігі жолында еңбек етуде.

Абақтыда күзетші-бақылаушы, қаржы-шаруашылық тобында кезекші командантының көмекшісі қызметін атқарған ол 1946 жылы сержант, 1952 жылы мемлекеттік қауіпсіздік старшинасы әскери атағын алады. Осы жылдары бейбіт өмір тыныштығын бұзған фашист сілтімтіктері мен сатқындарды жоюда КСРО-ның батыс аймағында мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің арнайы тапсырмаларын орындауға қатысады. Ұзақ жылдар қауіпсіздік саласында қызмет атқарып, түрлі арнайы тапсырмаларды мұлтіксіз орындап, өнеге-тәлімнің үлгісі болған ағамыз 1976 жылдың 19 сәуірінде денсаулық жағдайына байланысты старшина әскери шенінде зейнетке шығып, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің запасына алынады. Сол жылы 19 қарашада өмірден озды.



Бодик Джупаров

Подполковник Джупаров Бодик 1913 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданы №10 ауылында дүниеге келген. Отбасын құрып, 2 бала тәрбиеленген. Жұбайы Павлова Зоя Васильевна, 1912 жылы Москва облысы Павлова-Пасад қаласында туған.

Бодик аға 1932 жылы Қызылорда тері-шикізат техникумын экономист-жоспарлаушы мамандығы бойынша бітіреді. Оның еңбек жолының көбі Тәжікстан Республикасымен тікелей байланыста болды. Ол 1932 жылдан 1940 жылға дейін Тәжікстанда түрлі лауазымдағы жауапты қызметтер атқарды.

1941 жылы Ішкі істер халықтық комиссариатының Ленинград қаласындағы жоғары мектебіннің курсанты болса, 1941-1942 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде Ленинград майданында (тау, атқыштар бригадасы) Ішкі істер халықтық комиссариаты аса

маңызды бөлімі бастығы орынбасары лауазымында қызметін атқарған.

Ал 1942-1945 жылдар аралығында Солтүстік-Батыс және Беларусь майданының «Смерш» қарсы барлау басқармасы 1-бөлімі 2-бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымында болды. Ұзақ жылдар Тәжік еліндегі әр облыста жауапты қызметтерде болған ағамыз еңбек жолын 1951 жылы Қазақстанға келіп, Қызылордада жалғайды. Бөкен 1954 жылы шекті жасына жетуіне байланысты подполковник әскери шенінде зейнетке шығады. Абзал азамат 3 орден және 7 медальмен наградталған. Сондай-ақ үш рет И.Сталиннің алғысы жарияланған. Бір қызығы, Бодик Джупаров – 1933 жылдан түрлі атауға ие болған (ОГПУ-НКВД-НКГБ) қауіпсіздік қызметінің бар саласында болған бірегей азамат.



Сергей Галкин

Галкин Сергей Трифонович КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (СССР КГБ) Алматы қаласындағы жедел құрамды жетілдіру мектебін бітірген. Ол 1920 жылғы 19 қазанда Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы Орда кентінде дүниеге келген. Жұбайы Гусаченко Екатерина екеуі екі бала тәрбиеленген.

Әскери қызметін 1939 жылы бастаған Сергей Трифонович алғашында Моңғол елінде, кейіннен Забайкалье әскери округі Чита қаласының 6-запастағы байланыс батальоны взвод командирінің көмекшісі болған. Беларусь майданы мен Шығыс-Сібір әскери округінде соғыс жылдарындағы сапары жалғасты.

Сыр өңіріне келіп, 1946-1947 жылдары Қызылорда қаласы аяқ киім фабрикасы училищесінің дене шынықтыру инструкторы болса, 1948 жылы Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы (УМГБ) 5-бөлімшесінің жедел уәкілі қызметін атқарды. 1972 жылы шекті жасы жетуіне орай зейнетке шыққанша басқарманың түрлі бөлімшелерінде жедел уәкіл, аға жедел уәкіл болып, өзіне сеніп тапсырылған көптеген жауапты қызметте жетекшілік жасады. Ағамыз 3 орден және 12 медальмен наградталған.



Абдугали Бакиров

Абдугали Бакиров 1924 жыл 1 шілдеде Шиелі ауданы Тартағай ауылында дүниеге келген. Туған ауылындағы онжылдық мектепті тәмамдап, Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің №310 арнайы мектебін аяқтайды. Ленинградты қоршаудан азат етуде көптеген қазақстандық жауынгерлер қаһармандық танытты. Сондай қаһармандардың қатарында Абдугали Бакиров те бар еді. Ол 1943-1944 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде Ленинград майданында №230 атқыштар полкінде бөлім командирі қызметін абыроймен атқарды.

Әскери қызметтен босаған соң, 1952-1954 жылдары қауіпсіздік комитетінің арнайы мектебінде оқуға қабылданады.

Ал 1954 жылы қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша бөлімінің қызметіне кіріседі. Мұнда жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, қарсы барлау бөлімі сынды бірқатар бөлімдерде мұлтіксіз қызметін жалғайды. Шиелі ауданындағы бөлімшесі де жетекшілік етеді.

Ағамыз 1975 жылы қызметте болудың шекті жасына жетуіне байланысты подполковник әскери шенінде зейнетке шығып, қауіпсіздік комитетінің (КГБ) запасына алынды. Қиян-кескі соғыс жолдарынан өткен азамат бір орден, он үш медальмен наградталған.

Құдай қосқан қосағы – Абуова Құлшай апамен бірге өмірге бес ұл-қыз екеді. Өнегелі өмір жолымен үлгі болған Ұлы Отан соғысы ардагері, майор Абдугали ағамен балашағасы үнемі мақтанып отырады.



Алексей Кузьменко

Атақты қарсы барлау «Смерш» құрамында болған полковник Кузьменко Алексей Иосифович 1924 жылғы 26 ақпанда Целиноград облысы Вишневский ауданы Константиновка ауылында туған. Жұбайы Кузьменко Анна Никитична екеуі 3 бала тәрбиелеп өсірген.

Соғыстың екінші жылында Ташкент облысы Шыршық қаласындағы Ташкент пулеметтік-минометтік училищесіне оқуға қабылданып, Ташкент пулеметтік-минометтік училищесі Сталинград майданына жіберіледі. Бөлімше командирі болады. Украина майданында минометтік взводты да басқарады. Соғыс аяқталған соң Мәскеу қаласындағы «Смерш» қарсы барлау 1-Мәскеу мектебінде оқиды. Қауіпсіздік саласындағы қызметі Ақмола облысында жалғасқан Алексей ағай онда 1965 жылға дейін түрлі жауапты қызметтерде болады. Сол жылдан беріге дейін, яғни 1981 жылға дейін Қызылорда облыстық қауіпсіздік басқармасында еңбек еткен. Осыныша жыл қажырлы бейнет еткен Алексей аға шекті жасына орай 1981 жылы полковник әскери шенінде зейнетке шықты. Оның өз ісінің майталманы һәм ержүрек сарбаз болғанын кеудесіне таққан 3 орден мен 14 медаль айғақтайды десек, артық айтқандық емес. Кузьменконың сұрапыл соғыста жеке-дара жасаған ерліктері архив материалдарында сақталыпты. Ол – келешекте ұрпақ тарапынан зерттелетін, том-том кітап пен кинофильмдерге кейіпкер болатындай ерекше тұлға.



Төлеген Ыдырысов

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін үш мәрте «Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен қоса, 18 медаль мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің грамотасын иеленген келесі кейіпкеріміз – Ыдырысов Төлеген аға.

Капитан Ыдырысов Төлеген 1922 жылғы 29 қарашада Қызылорда облысы Қармақы ауданы №9 ауылында дүниеге келген. Отбасы құрып, жұбайы Бәтима екеуі 9 бала тәрбиеленген.

Соғыс жылдары әуе-десанттық полкінде, арнайы танкіге қарсы дивизияда көздеуші, батальон командирі болған.

Соғыстан кейін 1951-1953 жылдары қауіпсіздік саласында қызмет ете бастайды. Облыстық басқармаға қарасты Қармақы аудандық бөлімшеде хатшы-есепші болып орналасады. Екі жыл өткенде облыстық басқарма қаржы тобының есепші-қазынашысы қызметін атқарады. Басқарма ішінде шекті жасы жетіп, 1973 жылы зейнетке шыққанша жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, аға қызметкер сынды жауапты қызметтерде болады.



Николай Шастов

Сыр елінде қауіпсіздік комитетінде қызмет атқарған соғыс ардагерінің бірі – капитан Шастов Николай Николаевич. Ол 1916 жылғы 26 желтоқсанда Ресей Федерациясы Куйбышев облысы Николаевск ауданы Елшанка ауылында дүниеге келген. Әйелі Добрынина Анна екеуі отбасы құрып, 1 бала тәрбиеленген.

Николай аға 1933-1936 жылдары еңбек жолын Куйбышев темір жолдарының Пенза стансасы жолдар бөлімшесі бойынша байланыс бөлімдерінің слесарі қызметінен бастайды.

Соғыстың алдында 1938-1940 жылдары Приморск өлкесі Благовещенск қаласындағы 107-пулемет батальонының бөлімше командирі болады. Қанқұйлы 1942 жылы

Хабаровск аймағында 1432-бөлек телеграф пайдалану ротасы бөлімшесінің командирі қызметін атқарады.

Соғыстан соң 1947-1949 жылдары Қызылорда облыстық автобазасының диспетчері, Ташкент темір жолдарының Қызылорда стансасы жолдар бөлімшесі бойынша 1-дистанция байланыс белгілерінің монтері, кейіннен 1949 жылғы желтоқсанда Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі Қызылорда облысы бойынша басқармасының (УМГБ) «ІПК» пунктін 1-санатты контролері қызметін атқарды.

Жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, барлаушы қызметтерін мұлтіксіз орындады. Ұзақ жылдар адал да абыройлы қызмет еткен ол 1972 жылы құрметті зейнетке шықты. 7 медальмен наградталған.



Ералы Битілеуов

Ералы Битілеуов 1921 жылы Қостанай облысы Ордженикидзе ауданы 6-ауылда дүниеге келген. 1935 жылы Қарағанды қаласындағы 7 жылдық мектепті бітіріп, 1938-1939 жылдары Қарағандыдағы Горный техникумды оқыған. 1939 жылы орыс тілі мұғалімдерін даярлайтын он айлық курсты бітіріп, мектепте қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Ал, 1940 жылдың қазан айында Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, Амурск облысы, Завитая стансасында 43 танк бригадасында жауынгер болған. 1941-1944 жылдары орталық және 1-Беларусь майданында 50-танк бригадасының 2-батальонында орудия командирі болады. Содан кейін «Қызыл Ту» орденді Қазан танкі училищесіне оқуға жіберіліп, оны 1946 жылдың тамыз айында бітіріп шығады.

Битілеуовтің аса жауапты қызметке қабылдануының бір себебі соғыстағы ерлігі мен қабиет-қарымына байланысты болған. Іске деген жауаптылығының арқасында ол әр жылдары МГБ Қызылорда облыстық бөлімінің Жалағаш, Арал, Шиелі аудандық бөлімдерінің аға жедел уәкілі қызметін атқарды. Тек 1955 жылы СССР мемлекеттік қауіпсіздік органдарынан қызметтен шығарылып, Совет армиясының запасына жіберіледі. Аталған азамат қырық жасында соғыс салтан дерт азабынан көз жұмады.

Тақыр жезе шөп шықпайды ғой. Ералының әкесі Битілеу ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынновпен үзегігілес болған. Алаш арыстары атылар алдында оның атын атамағандықтан аман қалыпты. Бәрібір кейін қудалау көрген. Бұл – өзі бір ұзынсонар үлкен тарих.

Тағы бір қызықты дерек, Ералы Битілеуовтің жары Қатша – Сыр сүлейі Омар Шораяқтың кенже қызы. Олардан тараған ұл-қыздары да әке ерлігін ұмытқан емес. Тіпті осыдан алты жыл бұрын жана ұй салғанда қызыл жұлдыз белгісін шатырға арнайы жасатты. Бұл жаужүрек батырға деген балаларының құрметі мен әке жүрген адалдық жолы, жарқын ізден айнамау үшін жасалған белгідей еді.

Міне, қанды қырғыннан аман оралып аймағымызда мемлекеттік қауіпсіздік қызметіне хал-қадірінше адал қызмет атқарған он үш аяулы жан туралы қысқаша баян еттік. Олар туралы әлі талай естеліктер жазыларына шүба жок.

Облыстық қауіпсіздік комитетінің департаментінде айтулы датаға лайықтық басталып та кеткен. Осы күні майдангерлер ұрпақтарының басын қосып, ұрпақ сабақтастығының үлгісін бүгінгі жас буын қызметкерлерге тағы бір көрсету жоспарда бар. Сондай-ақ, басқарма ғимараты алдында олардың есімдері алтын әріппен жазылған ескерткіш тас-тақтаның да ашылу салтанатынан ұйымдастыру межеде тұрған. Әрбір істі асқан ыждағаттықпен атқаратын чекістер осы күні басқа да біршама игі шараларды өткізуді жоспарлап отырған-ды. Өлемді үрей қушағына алған іпдетке байланысты тәрбие-тәлімі сауапқа ұласатын шара уақытында өтпенгенмен, ерлер есімін ұмытпаймыз.

**Е.Е.Қойшыбаев,
Т.Қ.Мадияров, Н.В.Скачков,
М.Ж.Демев, С.Ә.Әлиасқаров,
Е.М.Арынғазиев, А.Х.Ахетов,
Ж.Ж.Абильмажанов,
Б.Т.Жаханов, Д.М.Қуанғали,
ҚР «ҰҚК органдары ардагерлері» РКБ Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша филиалының кеңес мүшелері.**





ЖЕҢІСТІҢ 75-ші КӨКТЕМІ

Ұлы Отан соғысына Сыр өңірінен 150 мың адам аттанып, олардың 30 мыңға жуығы туған жерге оралмады. Жат жердің топырағын жастанып жатқан есіл ерлердің дерегін іздеу әлі де жалғасуда. Олардың аттары жау танкісінің табаны таптаған мекендердегі «Бауырластар зираттарынан» табылып жатыр.

Қан майданда көзсіз ерлік көрсеткен 22 сырбойлыққа Кеңес Одағының батыры атағы берілуі Ұлы дала ұландарының бойын кернеген намыстың сын сағатта жарқырай көрінгенін айғақтайды. КСРО тарихында «Данк» орденінің толық иегерлері Кеңес Одағының батырларына теңестірілген. Осы орденді алғандардың қатарында сырдариялық Көкім Әбдіқалдырөвтің болғанын мақтанышпен айтамыз.

Бүгінде Сыр өңірінде Ұлы Отан соғысына қатысқан 15 ардагер бар. Жеңістің 75 жылдығына санаулы күн қалғанда Жанақорған ауданындағы жалғыз майдангер қарт Найманбай Құрбанов ағамыз 98 жасында дүниеден озды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Біздің ардагерлерге деген құрметіміз олардың ерлігінен кем түспеуге тиіс. Жеңіске ең алдымен еліміздегі барлық халықтың бірлігінің, бауырмалдығының және достығының нәтижесінде қол жетті. Біз қазір де осы ұранмен өмір сүріп келеміз» деген еді.

Жеңістің 75 жылдығы биыл төтенше жағдай режиміне тура келіп отыр. Сондықтан патриоттық байқаулар мен көрмелер онлайн форматында өтеді. Бірақ бұл ел тарихындағы ең маңызды мерекеге мән берілмейді деген сөз емес. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, соғыс ардагерлерінің бірде-біреуі елеусіз қалмайды, бәріне лайықты құрмет көрсетіледі.

Сырбойлық соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілгендерге біржолғы материалдық көмек көрсету мақсатында жергілікті бюджеттен 452 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Басқарманың мәліметінше, бұл санатта 4335 адам бар. От пен оқтың ортасынан есен-сау оралған, ортамызда жүрген қарияларға біржолғы материалдық көмек ретінде 1 млн 111 мың теңгеден беріледі. Тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін КСРО ордендерімен, медальдарымен марапатталғандарға – 183 мың, тылда кемінде жарты жыл жұмыс істегендерге, екінші рет не-келеспеген, қайтыс болған соғыс мүгедектері мен оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне немесе күйеулеріне 100 мың теңгеден тиесілі.

Соғыс сұрапылын көрген тарих куәгерлері сондай-ақ «Birgemiz» қоғамдық қорынан 50 мың теңге алады. Жеңісті жақындатуға еселі еңбегімен елеулі үлес қосқан жандарға қаржылай қолдаудан бөлек, Жеңістің 75 жылдығына арналған медаль табысталады.

Соғыс сұрапылын көрген тарих куәгерлері сондай-ақ «Birgemiz» қоғамдық қорынан 50 мың теңге алады. Жеңісті жақындатуға еселі еңбегімен елеулі үлес қосқан жандарға қаржылай қолдаудан бөлек, Жеңістің 75 жылдығына арналған медаль табысталады.

М.МЕРЕЙ.

АТА-БАБАМНЫҢ ЕРЛІГІ

кеудемде мақтаныш сезімін ұялатады

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ жауынгерлері үлкен ерлік көрсетті. Қасық қаны қалғанша аянбай күресті. Бұл жеңіске біздің ата-бабаларымыздың қосқан үлесі зор. Бір ғана Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі неге тұрады? Рейхстагқа ту тігіп, жеңістің белгісін көрсетіп, жауды тізе бүктірді.



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

КАРАНТИН ТӘРТІБІНДЕГІ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы пандемияның өршіп тұрған кезіне сәйкес келгендіктен, көптеген мемлекеттер мерекені дәстүрлі парад ұйымдастырып атап өтуден бас тартты. Біздің елде Жеңіс күніне арналған шаралар онлайн форматқа ауыстырылып, аға ұрпақ ерлігін дәріптеудің жарқын үлгілері көрсетілуде.

Бұл мерекеге ТМД елдерінің бірқатары ұзақ дайындалғанымен, коронавирус жоспарға өз түзетулерін енгізді. Ресейде Жеңіс парады мен «Бессмертный полк» шеруі коронавирусқа байланысты өтпейтін болды. Көрші елдің БАҚ-тарының жазуына қарағанда, парад 24 маусымға немесе 3 қыркүйекке шегерілуі мүмкін. Ал 9 мамыр күні ресейліктерге парадтың әуе бөлігі ұсынылады. Қызыл алаңда ұшқыштар ұшақтармен және тікұшақтармен жоғарғы пилотаж көрсетеді.

Украинада да жалпыхалықтық шаралар болмайды. Ескерткіштерге гүл қою рәсімдерін адам көп жиналмайтындай етіп ұйымдастыру қарастырылған.

Бірақ Белоруссия Президенті Александр Лукашенко парадты кейінге шегермеді. Оған қоса «Минскіде жиналған дұрыс болар еді. Өйткені Белоруссия – фашизм соққысын бірінші болып қабылдап, жер бетінен жо-

йылып кете жаздаған ел» деп атап өтіп, бұрынғы Кеңес Одағы лидерлерін парадқа шақырды. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы мұндай жалпыхалықтық шараның соны кесел жұқтырған адамдардың артуына әкеп соғуы мүмкін екенін айтып, алаңдаушылық білдірді.

Латвияда тұрғындарға 9 мамыр күні кешкі сағат 22:00-де құрбандарды еске алу үшін терезелерден балауыз шамдарын жағу ұсынылды. Оған қоса барлық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, өз үйлері маңында салют атуға рұқсат берілді.

Өзбекстанда Жеңіс мерекесі «Еске алу және құрмет күні» деген атаумен аталып өтеді. Карантинге қарамастан Ташкент орталығындағы «Жеңіс» паркінің құрылысы аяқталды. Паркте өзбек халқының ортақ мұратқа қосқан үлесі туралы ескерткіштер бой көтереді.

Негізінен Еуропада Жеңіс күні Victory in Europe Day деген атаумен 8 мамырда аталып өтетін. Биылғы мерейтойлық жылда Патшайым ВВС-дан ұлтына үндеу жолдайды. Британдықтарға 1940 жылдардың дәстүрімен үйде шай ішу, отырыстар ұйымдастыру ұсынылып отыр.

Жеңіс күнін жыл сайын атап өтетін бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің көпшілігі мерекені адам көп жиналмайтындай етіп өткізу тәсілдерін ұсынып, көпшілікті ардагерлерге құрмет көрсетуге шақырды.

«СБ» ақпарат.



«СЫР СПОРТЫ» YouTube каналы

Бүгінгі таңда коронавирусқа байланысты стадиондар, спорт залдары, фитнес клубтар жабылған уақытта, спортпен онлайн шұғылдануға да болады. Интернет карантин жағдайында бізге осындай мүмкіндік сыйлайды. Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы YouTube-те өз жобасын жасап, іске қосты. Біз үлкен ілтипатпен сіздерге «СЫР СПОРТЫ» каналын ұсынамыз. Ол келесі бөлімдерден құралған:

«ДЕНІ САУ ҰЛТ»

Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында, дені сау ұлт қана қарқынды экономикалық даму мен жоғары әлеуметтік деңгейге жете алатынын атап өтті. Сол себепті дене жаттығуларын жасап, спортпен шұғылдану

қажет. Осыған орай біз үйде және жұмыста жасауға арналған дене жаттығулары кешенін қамтитын бейнероликтерді жинақтап ұсындық. Қандай заттарды спорттық құралдарға айналдыруға болатынын белгілі жаттықтырушылар мен айтулы спортшылар айтып береді. Ал әлем біріншіліктерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері өз жаттығу әдістерімен бөліседі.

«ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫ»

Бұл жерде атакты чемпиондар мен жаттықтырушылардың алғашқы жүлделері жайлы өзекжарды сұхбаттары, спортшылардың жеке және спорттық өмірлеріндегі қызықты сәттері туралы әңгі-



мелесулер жинақталған. Сіздер біздің атышулы жерлестеріміз – Илья Ильин, Дәулет Ниязбеков, Қамшыбек Қонқабаев, Мәлдір Жамбырбай, Ғалиәлібет Тұрсынбаева және т.б. жағымды жаңалықтарды білетін боласыздар. Біздің «Қайсар» клубының ойыншылары Ел Кубогындағы ұзақ күттірген жеңістері жайлы айтып береді. Олар 20 жыл ішінде алғашқы рет, еврокубок ойындарына қатысуға жолдаманы жеңіп алды.

«ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ»

Қазақ күресі, көкпар, жек-

пе-жек, бәйге, тоғызқұмалақ – номадтардың қалаулы ойындары. Осы спорт түрлерінің қыр-сырын біз жете білеміз бе? Сол себепті біз, жастарымызды батыр бабаларымыздай күшті, епті, батыл етіп тәрбиелеу үшін, көшпенділер ойындарын дәріптей отырып, «СЫР СПОРТЫ» каналына ұлттық ерекшелік беруді жөн көрдік.

«БӘРІМЕН БІРДЕЙ»

Бұл бөлімде біз, ерік-жігері шексіз мықты адамдар жайлы айтқымыз келеді. Олардың толыққанды өмір сүруге деген ынтасы мен биік-

терді бағындыруға деген құлшыныстары таңғаларлық. Бұл бөлімнің батырлары – нағыз чемпиондар. Олар, өзін де қарсыласын да жеңіп, жеңіс дәмін татқан параспортшылар.

«СПОРТТЫҚ ИНФОРМАЦИЯ»

Бұл жерде, «Мүз айдыны», «Нұр сәт» теннис орталығы, «Евразия», «Тарлан», Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадион және аудандардағы спорт кешендері жөнінде ақпарат беріледі. Сонымен қатар, қай жерде қандай спорт түрімен шұғылдануға болатынын, спорт секцияларының жұмыс кестелерін, тағы да басқа қажетті мағлұматтарды алатын бола-сыздар.

Сыр елі – тек күріш пен мұнайға ғана емес, талантты спортшыларға да бай өлке. Сол себепті, «СЫР СПОРТЫ» YouTube-каналы көптеген қызылордалықтарды қызықтырады. Өңірдің спорттық өмірі жайлы осы каналдан көруге болады.

Дене шынықтырумен шұғылданып, спортпен айналысқындар. Сүйікті команда үшін жанкүйер болыңыздар.

● РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Жеңіс мерекесі қарсаңында редакция поштасына қарт майдангерлер мен тыл ардагерлеріне мемлекет тарапынан жасалған көмектерге алғыс білдірген хаттар келді. Бүгін солардың бірқатарын оқырман назарына ұсынамыз.

Қарттарын құрметтеген ел ардақты

Бүгінде 96 жасқа келген әкеміз үнемі елдің тыныштығы мен бейбітшілігін, халықтың ауызбірлігін тілеп отырады. Жеңістің әр жылында шүкіршілігін айтудан танған емес. Өйткені, елі, ұрпақтары қадірлеп, құрметін көрсеткенде өзінің сол жылдардағы қиындығын бір сәтке ұмытып, марқайып қалады. Биыл да Жеңістің 75 жылдығында ел ағалары құттықтап жатыр. Бір жолғы материалдық көмек ретінде 1 млн теңге берсе, «Nur Otan» партиясының «Birgemiz» қоры 50 мың теңге көлемінде көмек көрсетті. Партия төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек те өз құттықтауын жолдады. Сондай-ақ, қаржылай қолдаудан бөлек Жеңісті жақындатуға қосқан еселі еңбегі үшін Жеңістің 75 жылдығына арналған медаль табысталды. Барлығы үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа, облыс әкімдігі мен ел ағаларына айтар алғысымыз шексіз. Қарттарын құрметтеген ел қашан да ардақты. Ортамызда жүрген қарияларымыз аман, бейбітшілігіміз баянды болсын.

Гүлмира ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ.
Қызылорда қаласы.

Тылдағы еңбегі еленді

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда әкем Серікбай Шамшаев 5 жаста болған. Сол кездерде анасы Айкынға еріп масақ терумен айналысыпты. Жастайынан еңбекке араласқандықтан өмір оны ерте есейтеді. Бала болса да арнасы бұзылған Сталин каналын бөгеуге атсалысқан. Бүгінгідей уақыттылы мектепке барып, ауқаттану жоқ. Тамақ бірде болса, бірде болмаған. Сабаққа да арасында барып, қалған уақытында егін салып, мал бағып, тылда тізе бүкпей тер төгеді. Осылайша, аурушаң әкесі мен анасын асырайды.

Соғыстан кейін де елдің жағдайы түзеле қоймады. Ол кезде де еңбектен алыстамай, елдің дамуына барынша өз үлесін қосты. Оған бірден-бір дәлел 1964 жылы қазіргі Т.Көмекбаев ауылы (бұрынғы Жаңақала) Ленин совхозынан бөлініп шығады. Сонда алғашқылардың бірі болып ауылдың қазығын қағайды. Іргесі енді қаланған ауылда темір ұсталығымен айналысып, ауыл шаруашылығына керек құралдарды жасап беріп отырған.

Әкем әлі күнге дейін сұрапыл соғыстың әкелген қиындығын, бірде тоқ, бірде аш жүретін кезін күрсінсіпен еске алады. Бүгінде сол бейнеттің зейнетін көріп отыр. Әкеміздің ел басына күн туғанда еңбек етіп, елдің алғысын арқалауы – біз үшін үлкен мақтаныш. Тыл ардагері болғандықтан жыл сайын құрмет көрсетіледі. Биыл да Жеңістің 75 жылдық мерекесі қарсаңында мерекелік медаль тағып, қаржылай қолдауға ие болуда. Елдегі жағдайға қарамастан, ардагерлерін ардақтап, ерекше ықыласқа бөлеп жатқан Мемлекет басшысына ризашылығымызды білдіреміз.

Мусабек ШАМШАТОВ.
Т.Көмекбаев ауылы.
Қармақшы ауданы.

Ананы қуантқан азаматтарға рахмет

Жан алысып, жан беріскен соғыста әкем Ыбырай Нағызбеков ауыр жаракаттанды. Беліне тиген оқтан жарақат болып елге оралады. Соған қарамастан еңбекке араласты. Өрине, майдан даласында алған жарақаты біржола жазылып кете қоймаған еді. Денесіндегі бас бармақтың көлеміндегі ғана оқ түспей, 15 жылға жуық жанын қинады. Кейіннен барып дәрігерлер ота жасап алды, бірақ бұл жара оның аяқтан тұрып кетуіне мұрша бермеді.

Дегенмен, саналы ғұмырында еңбектен қол үзбей, балаларының болашағы үшін аман екеуі жұмыс жасады. Оның көрмеген қызығын анамыз көрді. Анам Советкүл Күленова 81 жаста, 16 құрсак көтерген Батыр ана. 16-дан бесесүміз ғана бармыз. Әкеміз арамызда болмаса да, анамызға деген елдің ықыласы бөлек. Мерекелік мезгілден қалдырмай ел азаматтары құттықтап, соғыс ардагерінің жары деп медаль тағып жатыр. Қаржылай қолдау білдірді. Аналарға қуаныш сыйлап жүрген өңір басшылығына, ел ағаларына шынайы алғысымды білдіремін.

Орынқұл НАҒЫЗБЕКОВА.
Қызылорда қаласы.

«Мәңгілік алау» басында



Бұл суретте Кеңес Одағының Батырлары Жәлел Қизатов пен Жаппасбай Нұрсейітов бейнеленген. Бұрын-соңды жарияланбаған қос батырдың суретін белгілі фототілші Болат Омарәдиев 1984 жылы Жеңіс мерекесі күні «Мәңгілік алауға» келген сәтінде түсірген.

Жәлел Қизатовқа 1944 жылы Днепр өзені үшін болған шайқаста көрсеткен асқан ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Жаппасбай Нұрсейітов 1943 жылдың қыркүйегінде Днепр өзенінен өту кезінде жау

снарядының жарықшағы түскен қайық тесігін денесімен жауып, үш тәулік бойы дұшпанның 13 рет жасаған шабуылына тойтарыс берген. Ол осы ерлігі үшін 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атанды.

Он тоғызында от кешкен

Менің атам Сәрсенбай Баяханов Сырдария ауданының қазіргі Сәкен Сейфуллин ауылында туған. 1942 жылдың қаңтар айында 20 жасқа да толмаған кезінде Қызыл Армия қатарына шақырылып, Самарқан қаласындағы минометшілер полкінде дайындықтан өтеді. Сол жылы мамыр айында Украина бағытындағы соғыс майданына кіреді. Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, Беларусь, Украина, Польша жерлерін неміс басқыншыларынан азат еткен.

Көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін бірнеше рет «Даңқ» және жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Атамның бұл наградalarını әкем Темірғали Сырдария аудандық музейіне өткізді. Соғыс кезінде бірнеше рет жеңіл жаракат алған. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Жапон соғысына алынады. Соғысты Шығыста аяқтап, елге 1949 жылдың тамыз айында қайтарылған.

Туған жеріне аман-сау оралып, Жаңыл әжеммен 7 ұл, 2 қыз тәрбиеледі. 1949-1956 жылдары Қызылорда облыстық концерттік эстрада бригадасында еңбек етті. 1956-1959 жылдары Тереңөзек ауданында құрылыс мекемесінде қызмет атқарған. 1960-1968 жылдары Тереңөзек автобазасында слесарь, 1968-1986 жылдары «Казсельхозтехника» мекемесінде ағаш ұстасы болып еңбек еткен.

Сәрсенбай атам өте мейірімді, ұқыпты, шыншыл кісі болатын. Отбасының берекесін келтіріп, балаларынан шындықты, тиянақтылықты талап ететін жан еді. Жастайынан от кешкенмен, кісіге деген мейірім-шапағатын жоғалтпаған жан. Қиын кезде қандай қызмет атқарса да елдің құрметіне, алғысына бөленген.

Әкемнің бастамасымен атам жайлы «Әкем – асқар тауым» атты кітап шығарды. Аудан орталығында жас акындар мү-



шайрасын ұйымдастырды. Атамның атына кенттегі жаңадан ашылған шағын ауданнан көше атын берді. Елдің тыныштығы үшін от кешіп, тер төккен азаматтар қандай құрметке де лайық.

Жеңісті жақындатуға ерен үлес қосқан соғыс ардагерлері ешқашан ұмытылмақ емес. Бұғанасы қатып буыны бекімей тұрып Отан үшін қызмет қылған аталарымыздың өмірі – бізге үлгі-өнеге. Атамның айтқан ақыл сөздері маған және біздің отбасымызға сара жол салғандай. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, ардақты атамыздың жарқын бейнесі жүрегімізде.

Бауыржан ТЕМІРҒАЛИЕВ.
Тереңөзек кенті,
Сырдария ауданы.

Ұлы Отан соғысы әскери конструкторлардың ең мықты жобаларды жүзеге асырған кезеңі десе де болады. Бұл соғыста зеңбіректердің, радиомен басқарылатын бомбалар мен субмарина соғыс кемелерінің түр-түрі жасалған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ең үздік қарулардың бірі – «Катюша».

«КАТЮША»

құрастыруға
бойжеткендер де атсалысты



1941 жылдың 26 маусымында Воронеж қаласының қару-жарақ жасайтын зауытта үстіне зеңбірек орнатылған машина шығарылды. «БМ-13» деп аталатын құрылғы алғаш рет 1941 жылдың 14 шілдесінде таңғы сағат 10-да жауынгерлік жағдайларда сыналды «БМ-13» құруға қатысқан капитан Флеровтың батареясы Орша қаласының теміржол торабында жау әскерлері мен техниканы атқан. Осылайша «Катюша» алғашқы сынақтан сүрінбей өтті.

«Катюша» құпия қару болып саналды. Жарамсыз болған жағдайда штаб-пәтерге әкелуге тиіс болатын. Егер де жау қолына кетсе, бүкіл батальон өлім жазасына кесілген. Неміс фашистері «Катюшаға»

Гүлнар ШАКИЗАДАҚЫЗЫ.
Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қазалыда үшем дүниеге келді

Елімізге «Егіздер ауылы» атымен танымал Қазалы ауданындағы Ү.Түктібаев ауылының көпбалалы тұрғыны өмірге үш қыз алып келді.

Қызылорда қаласындағы «Ана мен бала орталығында» дүние есігін ашқан үшемдер қазіргі таңда дәрігерлердің бақылауында.



Бұл – Айгерім Махамбетжанова есімді жас ананың алтыншы рет босануы.

Жұбайы Қуаныш Алтынбаев екеуінің тағы 5 баласы бар. Жаңа туған сәбилерге ата-аналары Айғаным, Айғанта, Асылым деген есімдер берген.

Естеріңізге сала кетейік, Кеңес одағының батыры Үрмәш Түктібаев атындағы ауылда 23 егіз, 1 үшем дүниеге келген.

«СБ» ақпарат.

Миңа жарықшағы

Менің атам Шадай Көшенов соғысқа 18 жасында 1943 жылы 6 шілдеде Қармақшы ауданынан аттанады. Украинаның қара сыр топырағын құшақтап жатып соғысқан. «Соғысқан» деп мен айтып отырмын, ол кісі бұл туралы ілуде бір болмаса, жақ ашпайтын. Өйткені, айтуға да ауыр күндер болған ғой.

Құжаттары бойынша №336 атқыштар полкінде, кейіннен №100 атқыштар полкінде мерген болған. 1944 жылдың 11 наурызы күні Украинаның Винница қаласының түбіндегі алапат майданда басына минаның жарықшағы түседі. Мұрты енді тебіндеген жас бозбаланы соғыс аясын ба? Жок! Соғыста аяушылық деген сезімге орын болмады, «не ол, не сен» деген қағида ғана бар еді.

Басында жаудың «сыйы», Кеңес үкіметі «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапаттады. Әскери машықты үйренбеген, сарыауыз жас қазақ соғыстан мерген болып оралды. Соғыс жүріп, Украина халқының, бала-

сы мен қартының қынадай қырылғанын көзі көрді. Тұтас бір хутордың күл болғанын, орманын өрт шалғанын көргенде, жүрегі сол өртпен бірге қарайды. Жылай алмады, бірақ өмір деген құндылықты түсінді.

Шадай атам басындағы миңа жарықшағымен елге оралды. Жәмила әжемізбен отау құрып, 5 перзент сүйді. Атамыздың балаға сіңірген тәрбиесі білім алып, оқу үйрену еді. Елге келген соң, азапты соғыстың өтеуін еңбектен тапты. Бейбіт күннің кәдірін біліп, бейнет кешуден жалықпаған жан болған деседі.

Бастағы жаракатпен оқи алмаспын деп ойлады ма екен,



інілері Шайзада мен Шаймағамбеттің жоғары білім алуына септігін жасады. Ғұмыры таусылғанша қара жұмыстың қазанында қайнады. Азапты күндердің қайтарымы ретінде, көкірегіне бауырмалдық, мейірдандық, қамқорлық, еңбеккерлік сезімдерін құйды. Өулеттің бейнетін көтеріп алуға бел шешті.

Шадайдың бел балалары

Исламхан, Мейрамбек, егіздер Асылбек пен Мұратбек, Айсұлу аке аманатын орындады. Бәрі де білім құып, елге қызмет жасап жүр. Арада үш ұрпақ ауысты. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейді халқымыз. Бүгінде одан тараған ұрпақ жаңаланды. Біз, немерелері мен шөберелері атамыздың аманаты мен арманының жүзеге асқанын айтқымыз келеді. Балалары жас кезінде «Әке, сізде неге орден жоқ?» деп сұрапты. Ол кісі: «Алла маған 5 бірдей жарқыраған орден берді» деп, балаларын бауырына басады екен.

Арада 75 жыл өтсе де, ғаламат алапаттың сызы әлі де кетпейді, жүректерде тұр. Арманыңыз орындалды, ұрпағыңыз жалғасып келеді, ата.

Бахтияр ШАДАЕВ,
«Қазақ-Британ»,
Ұлыбританиядағы
Манчестер
университеттерінің
магистрі, «Болашақ»
бағдарламасының түлегі.